



ӘӨЖ 902.904 (574)  
 FTAMP 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2026.1.31.329.359>

## Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 2025 жылғы қызметінің қысқаша қорытындысы

© 2026 ж. Онғарұлы А., Қасенова Ә.Д., Мамиров Т.Б.

**Keywords:** archaeology, Kazakhstan, Margulan Institute of Archaeology, reforms, expeditions, publications, results and achievements

**Түйін сөздер:** археология, Қазақстан, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, реформалар, экспедициялар, жарияланымдар, жетістіктер мен нәтижелер

**Ключевые слова:** археология, Казахстан, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, реформы, экспедиции, публикации, результаты и достижения

**Akan Onggaruly<sup>1</sup>, Asemgul Kasenova<sup>1</sup>, and Talgat Mamirov<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, General Director, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. ORCID: [0000-0002-1113-7817](https://orcid.org/0000-0002-1113-7817) E-mail: [onggaruly.a@gmail.com](mailto:onggaruly.a@gmail.com)

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Deputy Director for Science, Margulan Institute of Archaeology, Astana, Kazakhstan. ORCID: [0000-0002-8401-6610](https://orcid.org/0000-0002-8401-6610) E-mail: [asema\\_94@mail.ru](mailto:asema_94@mail.ru)

<sup>1\*</sup>Corresponding author, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Margulan Institute of Archaeology, Astana, Kazakhstan. ORCID: [0000-0003-2975-0115](https://orcid.org/0000-0003-2975-0115) E-mail: [talgatmamirov@gmail.com](mailto:talgatmamirov@gmail.com)

### Brief results of the activities of the Margulan Institute of Archaeology for 2025

The article presents a comprehensive and concise overview of the results achieved by the Margulan Institute of Archaeology in implementing programmes of basic, programme-targeted, and grant funding in the field of archaeology of the Republic of Kazakhstan in 2025. It highlights the key directions of research activity, including the systematization of archaeological sources, the development of databases on sites and materials from various regions of Kazakhstan, the identification of priority directions for the advancement of archaeology, the conduct of field investigations, and the active development of interdisciplinary approaches incorporating methods of anthropology, zooarchaeology, archaeobotany, and archaeological science. Particular attention is paid to summarizing the outcomes of the basic funding programme in the context of fulfilling state objectives related to the modernization of the Institute and the improvement of legislation in the field of archaeology, as well as to the results of programme-targeted projects, reflecting achievements in the study of all chronological periods – from antiquity to the Middle Ages, including the ethnographic period – supported by quantitative indicators of publication activity. The study concludes that the implemented programmes have made a substantial contribution to the development of archaeological science in Kazakhstan, strengthening its methodological and source base, and ensuring the preservation and scholarly interpretation of the country's historical and cultural heritage. The importance of integrated interdisciplinary research and professional development systems for the Institute's staff and archaeologists of Kazakhstan is emphasized, including the organization of a series of international summer field schools. The article also summarizes the principal directions of the Institute's international cooperation, with an emphasis on the practical implementation of concluded agreements and the achievement of stated objectives. Special emphasis is placed on the scientific and organizational activities of the Margulan Institute of Archaeology as a leading platform for interaction among archaeologists of Kazakhstan and foreign countries, for discussing current issues in contemporary archaeology, and for training young specialists. The results obtained in 2025 provide a solid scholarly foundation for the further development of archaeological research in Kazakhstan.

**Funding source:** The article was prepared under the program of fundamental scientific research of the Science Committee of the Ministry of Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2026–2028, IRN project BR31714853.

**For citation:** Onggaruly, A., Kasenova, A., Mamirov, T. 2026. Brief results of the activities of the Margulan Institute of Archaeology for 2025. *Kazakhstan Archaeology* 1 (31), 329–359 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2026.1.31.329.359](https://doi.org/10.52967/akz2026.1.31.329.359)



**Ақан Оңғарұлы<sup>1</sup>, Әсемгүл Дауренқызы Қасенова<sup>1</sup>, Талғат Базарбайұлы Мамиров<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры, Алматы қ., Қазақстан

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, Астана қ., Қазақстан

<sup>1\*</sup>Корреспондент авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Астана қ., Қазақстан

**Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының  
2025 жылғы қызметінің қысқаша қорытындысы**

Мақалада Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 2025 жылғы Қазақстан Республикасының археология саласындағы іргелі, бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру нәтижелеріне кешенді және қысқа шолу ұсынылған. Ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары, соның ішінде археологиялық дереккөздерді жүйелеу, Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі ескерткіштер мен дереккөздер бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру, археологияны дамытудың өзекті бағыттарын анықтау, далалық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ антропология, зооархеология, археоботаника және археологиялық технологиялар әдістерін қолдана отырып, пәнаралық тәсілдерді белсенді дамыту мәселелері қамтылған. Институтты жаңғырту және археология саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша мемлекеттік міндеттерді орындау тұрғысынан іргелі қаржыландыру бағдарламасын іске асыруды қорытындылауға, сондай-ақ ежелгі дәуірден орта ғасырларға дейінгі, этнографиялық кезеңді қоса қамтитын барлық хронологиялық кезеңдерді зерттеудегі жетістіктерді көрсететін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларының нәтижелері жарияланымдық белсенділіктің сандық көрсеткіштерімен бірге ұсынылған. Іске асырылған бағдарламалар Қазақстанның археология ғылымын дамытуға, оның әдіснамалық және деректік базасын нығайтуға, сондай-ақ елдің тарихи-мәдени мұрасын сақтауды және ғылыми пайымдауды қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқаны туралы қорытынды жасалды. Кешенді пәнаралық зерттеулердің және Институт қызметкерлері мен Қазақстан археологтарының біліктілігін арттыру жүйесінің, соның ішінде бірқатар халықаралық жазғы дала мектептерін өткізудің жоғары рөлі атап өтілді. Мақалада Институттың халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы негізгі бағыттары жинақталып, жасалған келісім-шарттарды практикалық тұрғыда іске асыру мен алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге басымдық берілген. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Қазақстан мен шетел археологтарының өзара іс-қимылына, қазіргі археологияның өзекті мәселелерін талқылауға және жас мамандарды даярлауға арналған жетекші алаң ретіндегі ғылыми-ұйымдастыру қызметі ерекше аталады. 2025 жылы алынған нәтижелер Қазақстандағы археологиялық зерттеулерді одан әрі дамытудың берік негізін қалайды.

**Қаржыландыру көзі:** Мақала Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2026–2028 жж. арналған іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасы, ЖТН BR31714853 жобасы аясында дайындалды.

**Сілтеме үшін:** Оңғарұлы А., Қасенова Ә.Д., Мамиров Т.Б. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 2025 жылғы қызметінің қысқаша қорытындысы. *Қазақстан археологиясы*. 2026. № 1 (31). 329–359-бб.

**Акан Онгарұлы<sup>1</sup>, Асемгуль Дауреновна Касенова<sup>1</sup>, Талгат Базарбаевич Мамиров<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, генеральный директор, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, заместитель директора по науке, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Астана, Казахстан

<sup>1\*</sup>Автор-корреспондент, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Астана, Казахстан

**Краткие итоги деятельности Института археологии имени А.Х. Маргулана за 2025 год**

В статье представлен комплексный и сжатый обзор результатов реализации Институтом археологии имени А.Х. Маргулана программ фундаментального, программно-целевого и грантового финансирования в области археологии Республики Казахстан за 2025 г. Освещены ключевые направления научно-исследовательской деятельности, включая систематизацию археологических источников, формирование баз данных по памятникам и источникам различных регионов Казахстана, определение актуальных направлений развития археологии, проведение полевых исследований, а также активное развитие междисциплинарных подходов с привлечением методов антропологии, зооархеологии, археоботаники



и археологических технологий. Особое внимание уделено подведению итогов реализации программы фундаментального финансирования в контексте выполнения государственных задач по модернизации Института и совершенствованию законодательства в сфере археологии, а также итогам реализации проектов программно-целевого финансирования с отражением достижений в изучении всех хронологических этапов — от древности до Средневековья, включая этнографическое время, с привлечением количественных показателей публикационной активности. Сделан вывод о значительном вкладе реализованных программ в развитие археологической науки Казахстана, укрепление её методологической и источниковой базы, а также обеспечение сохранения и научного осмысления историко-культурного наследия страны. Отмечена высокая роль комплексных междисциплинарных исследований и системы повышения квалификации сотрудников Института и археологов Казахстана, включая проведение серии международных летних полевых школ. В статье обобщены основные направления развития международного сотрудничества Института с акцентом на практическую реализацию заключённых соглашений и достижение заявленных целей. Особо подчеркнута научно-организационная деятельность Института археологии имени А.Х. Марғұлана как ведущей площадки для взаимодействия археологов Казахстана и зарубежных стран, обсуждения актуальных проблем современной археологии и подготовки молодых специалистов. Полученные в 2025 г. результаты создают прочную научную основу для дальнейшего развития археологических исследований в Казахстане.

**Источник финансирования:** Статья подготовлена по программе фундаментальных научных исследований Комитета науки МНВО РК 2026–2028 гг., ИРН проекта BR31714853.

**Для цитирования:** Оңғарұлы А., Касенова А.Д., Мамиров Т.Б. Краткие итоги деятельности Института археологии имени А.Х. Марғұлана за 2025 г. *Археология Казахстана*. 2026. № 1 (31). С. 329–359 (на каз. яз.).

## Кіріспе

Қазіргі уақытта өткен күннің объективті бейнесін жасау Қазақстан Республикасының ұлттық бірлігін қалыптастыруға, мемлекеттілігінің нығаюына және егемендігін нығайтуға әсер ететін негізгі факторлардың біріне айналуда. Сондықтан халықтың тағдыры мен өз-өзін тануының дамуы тоғысқан тарихты ғылыми тұрғыдан зерделеу жеке тұлға мен бүкіл қоғам бойында азаматтық пен патриотизм қасиеттерін тәрбиелеуге қызмет етеді.

2025 жыл Археология институты, жалпы Отандық археология ғылымы үшін маңызды жыл болды. Мемлекет басшысының 2025 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуге туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қоюы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғаудың мемлекеттік жүйесін күшейтеді. ҚР Заңының негізгі ережелері Ұлттық археология қызметін құрумен, Археологиялық жұмыстардың бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (БААЖ) енгізумен, Жаппай археологиялық олжалар мен материалдардың мемлекеттік қорын қалыптастырумен, сондай-ақ Археологиялық олжалардың ұлттық депозитарийін құрумен байланысты. Жаңа заңнамалық нормаларды іске асыру аясында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтына ғылыми зерттеулер жүргізуге, тарихи-мәдени мұра объектілеріне мониторинг жасауға және оларды сақтаудың заманауи әдістерін дамытуға қатысты маңызды міндеттер жүктелді.

Жәдігерлермен жұмыс істеу тәртібіне іргелі өзгерістер енгізілді. Алғаш рет олжаларды заңдық тұрғыдан «жеке» (музейлік маңызы бар) және «жалпы» (ғылыми маңызы бар) деп бөлу енгізілді. Соңғыларын сақтау мәселесін шешу үшін Ұлттық депозитарийде сақталатын, Мемлекеттік жалпы археологиялық олжалар мен материалдар қоры құрылып жатыр.

Кәсіби қызметті реттеу саласында лицензиялау реформасы жүргізілді. Сондай-ақ археологиялық жұмыстарға лицензиясы жоқ жеке және заңды тұлғалардың арнайы техникалық іздеу құралдарын (металл іздегіштерді, радарларды) пайдалануына тыйым салатын норма енгізілді; бұл әрекеттер «көмбе іздеушілер» (черные копатели) қызметіне тосқауыл қояды.



Институттың ғылыми-зерттеу қызметі іргелі, бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру аясындағы жобаларды іске асыруға бағытталған. Есепті 2025 жылы ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің үш жылдық іргелі ғылыми зерттеулер аясында жүзеге асырылған BR20280993 «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: археологиялық дереккөздерді жүйелеу және талдау» жобасы (ғылыми жетекшісі – А. Оңғарұлы) қорытындыланды. Аталған жоба аясында археологиялық ескерткіштерді кешенді зерттеумен қатар, Қазақстан археологиясының қазіргі теориялық-әдістемелік және нормативтік негіздерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде тас дәуірінен этнографиялық кезеңге дейінгі әртүрлі хронологиялық топтарға жататын эталонды ескерткіштер бойынша мәліметтер жүйеленіп, болашақ зерттеулер үшін перспективалы нысандар айқындалды.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі нәтижелерінің бірі – Қазақстанның археология ғылымы тұжырымдамасын дайындаудың аяқталуы болды. Құжат отандық археологияны жүйелі дамытудың және заманауи ғылыми әрі жаһандық талаптар жағдайында біртұтас әдістемелік платформа қалыптастырудың стратегиялық негізіне айналуға тиіс. Тұжырымдаманы әзірлеудің өзектілігі археология ғылымындағы ғылыми зерттеулерді басқаруға, оларды үйлестіруге және жаңа технологияларды енгізуге қатысты біртұтас, негізделген және әдістемелік тұрғыдан тексерілген тәсілдің жоқтығымен байланысты жүйелі проблемаларды жою қажеттілігінен туындап отыр. Құжат Қазақстанның археология саласының нәтижелі дамуын, оның жетістіктерін әлемдік ғылымға интеграциялауды және елдің бай мәдени мұрасын сақтауды қамтамасыз ететін біртұтас стратегияны қалыптастыруға бағытталған.

Археология ғылымы тұжырымдамасының жобасы 2025 ж. 27 наурызда өткен «Марғұлан оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы аясындағы дөңгелек үстел жұмысы барысында Қазақстанның археология қауымдастығына таныстырылды, ескертулер мен толықтырулар ескеріле отырып, негіз ретінде қабылданып, конференция қарарында бекітілді.

Терминологияны жүйелейтін Қазақстандағы алғашқы археологиялық сөздік жобасын жасау, сондай-ақ нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіруге және ғылыми есептіліктің сапасын арттыруға бағытталған «Археологиялық жұмыстарды жүргізу ережелерін» әзірлеуді атап өтуге болады. Жалпы, үш жыл ішінде бағдарлама бойынша Қазақстандағы археологиялық деректерді жүйелеуге, теориялық базаны дамытуға және археологиялық зерттеулердің тиімділігін арттыруға бағытталған айтарлықтай көп ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру және әдістемелік іс-шаралар орындалды. Алынған нәтижелер ұлттық археология мектебінің одан әрі дамуына ықпал етіп қана қоймай, оның әлемдік ғылым контексіне тұрақты түрде енуін қамтамасыз етеді. 2025 ж. жүргізілген зерттеулердің нәтижелері шетелдік рейтингтік басылымдардағы ғылыми жарияланымдарда, монографияларда, конференция жинақтарында көрсетілді (1-қосымша).

Ал *нысаналы қаржыландыру бағдарламасы* аясындағы **BR21882346 «Ежелгі және орта ғасырдағы Алматы: археологиялық мұраны зерттеу мен сақтау»** (ғылыми жетекшісі – Т.Б. Мамиров) үш жылдық зерттеу өз мәресіне жетті. Осы жылдардағы зерттеулер барысында Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында анықталған археологиялық объектілерді жүйелеу, археологиялық есептердің деректерін талдау негізінде нысандардың орналасуы көрсетілген өзекті карта-схемасы бар өңірдің археологиялық ескерткіштерінің ГАЗ-деректер базасы жасалды. Алматы облысындағы археологиялық нысандарды іздеу-зерттеу жұмыстарының әдістемелік тұрғыдан негізделуіне әсер еткен маңызды факторлардың бірі – Институттың «Тау бөктеріндегі археологиялық ескерткіштерді іздеу және анықтау әдістемесін» әзірлеу болды. Тас, ерте металл,



ерте темір дәуірлері және орта ғасырлар бойынша далалық зерттеулер жүргізуде жинақталған тәжірибе негізінде мамандар мен далалық археология саласындағы сарапшылар тарихи-мәдени мұра нысандарын зерттеу және сақтау бойынша нормативтік-құқықтық актілердің негізіне айналу мүмкіндігі бар ереже дайындады.

Алматы облысының аумағында палеолиттен этнографиялық кезеңге дейінгі аралықты қамтитын далалық зерттеулер жүргізіліп, орта және кейінгі палеолиттің, қола дәуірінің, ерте темір дәуірі мен орта ғасырлардың жаңа нысандары, сондай-ақ жартас өнерінің ескерткіштері анықталды (2-сур.). Далалық жұмыстарда пәнаралық тәсіл кеңінен қолданылды, талдаудың әртүріне (палинологиялық, микроморфологиялық, спектрлік және т. б.) сынамалар алынды, радиокөміртекті талдауға сынамалар іріктеліп, олардың бір бөлігі (50-ден астам) зерттелді және маңызды нысандардың (20-дан астам) хронологиялық жасы туралы нәтижелер алынды. Далалық жұмыстар барысында табылған барлық фауналық және палеоантропологиялық материалдар Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зертханаларында дер кезінде өңделіп, шетелдік рейтингтік басылымдарда ғылыми айналымға енгізілді.

2025 ж. тас дәуірі саласындағы зерттеулер РҒА Археология институтымен бірлесіп, сондай-ақ Франция және Мексика ғалымдарының қатысуымен Ұзынағаш 1, 3 және Сарыжазық 4, 6 сияқты ескерткіштерде жүргізілді. Жұмыс нәтижесінде Жетісу аумағындағы орта палеолиттің стратификацияланған кешендері бөлінді (Сарыжазық 3, 6). Ресейлік әріптестермен бірге жүргізілген көпжылдық зерттеулер нәтижесінде Жетісудағы Ұзынағаш 1–3, Сарыжазық 4, Рахат тұрақтарында жасы шамамен 31000–28000 жыл бұрынғы кейінгі палеолиттің ерте кезеңінің мәдениеті (*Тянь-Шань ориньягі*) анықталды. Бұл мәдениеттің Батыс Еуразияның (Еуропа, Таяу Шығыс) ориньяк мәдениетімен көптеген ұқсастықтары бар және оны Тянь-Шань ориньягі деп белгілеуге болады. Осыған дейін айтылған континенттегі ориньяк мәдениетінің жаһандық сипаты туралы болжамдар Орталық Азиядағы нақты олжалармен расталып отыр. Майбұлақ және Қызылауыз 2 ескерткіштерінде соған ұқсас олжалар кездеседі [Ozherelyev, Mamirov 2025b].

Ұзынағаш кешенінде (Ұзынағаш 3 тұрағы) алғаш рет 20000–18000 жыл бұрынғы уақытқа тән көрнекі олжалар болған үшбұрышты микролиттері бар палеолиттің ерте кезеңінің қабаты анықталды. Бұл Солтүстік Тянь-Шаньдағы үшбұрышты микролиттер табылған екінші ескерткіш. Осы дерекке сүйеніп, Орталық Азияда геометриялық микролиттері бар мәдениеттер ерте пайда болған деп сенімді айтуға болады. Кейінгі палеолиттің орта кезеңінде басталған қыстырма құралдарды микролитизациялау мен геометриялаудың жаһандық процесінде Тянь-Шань аймағы ерекше орын ала бастады [Ozherelyev, Mamirov 2025a].

Өңірдің палеометалл дәуірін зерделеу аясында Серектас қонысы мен Орталық Қазақстандағы мал шаруашылығы қоныстары арасындағы ортақ белгілерді растауға бағытталған археологиялық зерттеулер жүргізілді. Ғарыштық барлау мәліметтері мен заттай зерттеулер негізінде Қазақстан тарихының түрлі хронологиялық кезеңдеріне жататын 124 тарих және мәдениет ескерткіші құжатталды. Сарымасты (Жетісу) биік таулы шатқалының үстіртінде ескерткіштердің жаңа шоғыры тіркеліп, онда 1500-ден астам жартас суреті сипатталды. Даулыбай жотасында (Жетісу) 315 тарихи-мәдени ескерткіш табылды, олардың арасында жартас суреттерінің 75 шоғыры, 40-тан астам қоныс пен тұрақ және қола дәуірінен Жаңа заманға дейінгі 200-ге жуық жерлеу кешені анықталды.

Жалпы алғанда, Шу-Іле өзенаралығы аумағы, Іле және Күнгей Алатаудың солтүстік беткейлері арқылы өтетін Алматы қаласы мен Алматы облысының қола дәуірі тұрғындарының



ежелгі коммуникациялық маршруттары, Оңтүстік-Батыс Жетісудағы АМТҚ-ның Алакөл-Атасу және Федоров-Нұра тайпаларының Оңтүстік-Шығыс Жетісудың көлсай мәдени дәстүрінің тұрғындарымен өзара әрекеттерінің ерекшеліктері анықталды. Кеген алқабында Көктас тау жотасы ауданында түсті металдарды балқытқан тау-кен металлургиялық кешені табылды. Сондай-ақ ежелгі малшылардың құрылымымен қатар түрлі бағыттағы қолөнершілердің (металлургтердің, тас қалаушылардың, көзешілер мен тері өңдеушілердің) тұрғанын меңзейтін жекелеген стационар тұрақтары мен қоныстары (Түрген-2 және Қызылбұлақ-4) бөліп көрсетілді [Ермолаева және т.б. 2025].

Ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу мақсатында төрт археологиялық жасақ іздестіру жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде Шарын қонысы мен Бесмойнақ қорымы сияқты маңызды ескерткіштер анықталды. Балқаш ауданында барлау жұмыстары, сондай-ақ Райымбек ауданындағы Текес ауылының шетінде орналасқан ерте темір дәуірінің апаттық жағдайдағы нысанда қазба жұмыстары жүргізілді [Утубаев және т.б. 2025].

Өңірдің орта ғасырлар кезеңі саласындағы жұмыстар Алматы қаласы мен Алматы облысының археологиялық ескерткіштерінің электрондық деректер базасын қалыптастыруға және кеңейтуге, нысандардың шоғырланған негізгі аймақтары мен археологиялық аудандастыру негіздерін анықтауға мүмкіндік берді. Жетісу жотасының мәдени ландшафтыларын зерделеу жұмыстары жүргізілді, радиокоміртекті зерттеулер нәтижесінде Қастек асуы арқылы өтетін стратегиялық жолды бақылаған, Ұлы Жібек жолының маңызды торабы саналған Қастек қаласы тіршілік еткен негізгі кезең XI ғ. соңы – XII ғ. соңы екені нақтыланды. Бұл мерзімдеу өңірдегі басқа қалалардың өмір сүрген уақытын анықтауға және урбанизация процестерін түсінуге үлкен үлес қосады.

Солнымен қатар, Археология институты еңбектері сериясымен Б. Железняков пен А. Шаяхметовтың монографиясы жарық көрді. Еңбекте Жетіжол жотасы табиғи орта мен адамзат қауымдастығының ғасырлар бойғы өзара әрекеттесуінен қалыптасқан тұтас тарихи-мәдени ландшафт ретінде таныстырылып, өңір Шу-Іле өзенаралығының шеткері аймағы емес, ішкі даму логикасы, тұрақты көркемдік дәстүрі және кеңістіктік құрылымы бар тәуелсіз мәдени ареал ретінде қарастырылады.

Монография көпжылдық далалық зерттеулердің нәтижелерін, аймақтардың сипаттамасын, хронологиялық анықтамаларды және сюжеттік-стилистикалық ерекшеліктерді талдауды қамтитын ауқымды әрі жүйеленген деректік базаны қалыптастырады. Өңір алғаш рет Солтүстік Тянь-Шань мен Орталық Еуразияның басқа орталықтарымен аймақаралық салыстыруға мүмкіндік беретін өзара байланысты кешендердің бірыңғай жүйесі ретінде сипатталды. Бұл еңбек петроглифтерді оқшауланған нысан ретінде емес, мәдени ландшафт контекстінде зерделеу моделін ұсына отырып, әдістемелік маңызға ие болады. Деструктивті шаруашылық қызметі шектелген ескерткіштердің шоғырлану аймақтарын бөлуді, тұрақты мониторингті ұйымдастыруды, жергілікті қауымдастықтарды тарихи мұраларды сақтау процестеріне тартуды, сондай-ақ өнеркәсіпті игеруге балама ретінде мәдени-танымдық маршруттарды дамытуды қамтитын көпдеңгейлі қорғау стратегиясы ұсынылды. Қозыбасы–Басбатыр микроауданының ерте қазақ мемлекеттілігі қалыптасқан аумақ және XVIII ғасырдағы тарихи оқиғалар орны ретіндегі маңызы ерекше атап өтілді, бұл өңірдің қоғамдық құндылығын арттыра түседі [Железняков, Шаяхметов 2025].

**BR24992951 «Сарыарқаның археологиялық мұрасы (тас дәуірінен орта ғасырларға дейін)»** жобасын (ғылыми жетекшісі – А. Оңғарұлы) **нысаналы қаржыландыру бағдарламасын** іске асыру



аясында 2025 ж. өңірдің мәдени мұрасын жан-жақты зерделеу үшін деректік және ақпараттық-талдау базасын қалыптастыруға бағытталған елеулі ғылыми-зерттеу жұмыстары атқарылды.

Сарыарқаның археологиялық өткен дәуірлерінің әртүрлі хронологиялық кезеңдері бойынша музей және далалық коллекциялар жүйелі талданды. Палеолит, неолит және энеолит дәуірлерінің тас өндірістерін зерттеуге ерекше назар аударылды. Сарысу аңғарын зерттеу барысында Борсеңгір 1–4 және Мүзбел 4–7 ашық типтегі ескерткіштері анықталды және алынған коллекция Сарыарқаның археологиялық ескерткіштерінің хронологиялық стратификациясын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Торғай ойпаты аумағындағы энеолит ескерткіштері бойынша ежелгі тұрғындардың қоныстануы мен бейімделу стратегиялары туралы түсінікті кеңейтетін деректік база дайындалды.

2025 ж. кейінгі қола дәуірінің Ақмая қонысында қазба жұмыстары жүргізіліп, сарғара-алексеев мәдениетінің арнайы металлургиялық кешені анықталды. Өндірістік және тұрмыстық функцияларды ұштастырған тұрғын үй-шеберхана табылды. Металлургиялық құрылыстар анықталды: екі шахталық пеш, жерүсті пеші, мұржа жүйелері және саз платформалар (төс және пештің табаны) табылды. Өндірістің көптеген дәлелдері: кождар, мыс кенінің фрагменттері, күйген саз, флюстер, отбақыр, отқа төзімді иленген саздан жасалған күйесі бар ыдыстардың фрагменттері, тас төс, балғалар, абразивтер, ысқыштар және басқа да ілеспе олжалар анықталды. Технологиялық процесс белгілі болды: кешен жұмыстың толық циклі — кенді күйдіру мен ұсақтаудан бастап, мыс балқытуға, қола қорытпаларын алуға және бұйымдарды соғуға дейін пайдаланылды. Қазба жұмыстары Ақмая қонысының Орталық Қазақстан тау-кен металлургия ошағына кіргенін растап, кейінгі қола дәуіріндегі түсті металлургияның жоғары дамыған және ұйымдасқан дәстүрлерін көрсетті.

«Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер» сериялық басылымымен қола дәуірін жан жақты қарастыратын бірнеше монография жарық көрді. И.А. Кукушкин мен Е.А. Дмитриевтің Орталық Қазақстанның алакөл мәдениеті (жерлеу кешендері материалдары негізінде) монографиясында соңғы 20 жылда өңірдегі қола дәуірі кешендерінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері қортындыланды. Ерте алакөлдік жерлеу кешендері жүйелі түрде талданды. Ал В.Г. Ломанның Орталық Қазақстанның ежелгі қыш өндірісі (керамиканы техникo-технологиялық талдау нәтижелері бойынша) атты еңбегінде қола дәуірі мен ерте темір дәуіріндегі керамика жасау технологиясы қарастырылып, Орталық және Солтүстік Қазақстанның 63 ескерткішінен алынған керамиканың (2655 ыдыс) зерттеу нәтижелері жинақталды. Технологиялық дәстүрлер ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының терең аспектілерін, білім беру тетіктерін және мәдени тұрақтылық деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар Қазақстан аумағындағы жергілікті және кірме топтардың өзара іс-қимылының, көші-қонның, ассимиляцияның және жаңа мәдени бірлестіктердің қалыптасуының күрделі көрінісін айқындайды. Дәстүрлі әдістермен қатар ескерткіштерді бүлдірмейтін заманауи әдістерді қолдана отырып, болашақтағы зерттеулерге жол ашатын кешенді әдіснамалық тәсілдің тиімділігін атап өткен жөн. А.И. Кукушкиннің монографиясында Қазақстан территориясындағы қола дәуірі архив материалдары, археологиялық және салалас әдебиеттер негізінде ғылыми талданды.

Ерте темір дәуірі саласында музей коллекцияларын, соның ішінде Қарағанды музейінің қорларын жүйелеу бойынша Тасмола мәдениетінің материалдарына басымдық берілген ауқымды жұмыс басталды, алғашқы деректер тізіліміне 300-ге жуық жерлеу орны енді. Атасу өзені ауданында ежелгі және ортағасырлық ескерткіштерді анықтау бойынша Атасу археологиялық жасағы, Үшқыз және Ақтас-3 ескерткіштерін зерттеу бойынша Ақтасты және Беғазы жасақтары, Ұлытау облысы



аудандарының Тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағын жасау үшін Жаңаарқа және Ұлытау жасақтары археологиялық ескерткіштерді іздеу, анықтау және тіркеу жұмыстарын жүргізді.

Ортағасырлық кезең бойынша жерлеу ескерткіштерін, петроглифтерді және рулық таңбаларды талдауды қоса алғанда, ерте этногенез тетіктерін зерделеуде маңызды қадамдар жасалды. Этномәдени сабақтастықты және дала өркениетін қалыптастырудағы Сарыарқаның рөлін анықтауға бағытталған зерттеулердің маңызы зор. Хан Ордасы қаласы және оның айналасына жүргізілген археологиялық зерттеу маңызды үлес болды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін құлдырап, XIX ғ. екінші жартысында қайта жанданған Ұлытау архитектурасын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Портал-күмбезді құрылыстардың бұл түрін «Ұлытау-Торғай ренессансы» деп те сипаттауға болады.

Тақырып бойынша қазақ халқының көшпелі мәдениеті мен өмір салтын зерттеу де қолға алынды. Атап айтқанда, көшпелі өмірдің негізгі аспектілерін сипаттайтын қыстаулар археологиялық зерттеулердің басты нысандарының бірі болып табылады. Қыстаулар тек тарихи ескерткіш ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен мәдениетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Жаңа дәуір кезеңінің дәстүрлер мен құрылыс технологияларын бақылауға, көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың тұрмыстық және шаруашылық өмірінің аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді [Ғаниева, Сәкенов 2025: 83].

Келесі зерттеу **BR24992939 «Ежелгі және ортағасырлық Сырдария мен Қаратау: мәдениеттердің генезисі мен трансформациясы»** бағдарламасын (ғылыми жетекшісі – Е.Ш. Ақымбек) іске асырудың екінші жылы бойынша жұмыстар жүргізілді. Бағдарлама Сырдария өзені аңғары мен Қаратау жотасы сияқты аса маңызды тарихи-мәдени өңірдің XIX ғ. соңынан қазіргі уақытқа дейін жинақталған, ежелгі адамдардың қоныстануынан бастап ортағасырлық қала өркениетінің қалыптасуына дейінгі археологиялық деректерін жинақтауға, жүйелеуге және талдауға мүмкіндік берді.

Сырдария аңғары мен Қаратаудың түрлі хронологиялық кезеңдердегі ескерткіштерінің топографиясы, Арыс-Келес аңғары мен Отырар алқабы ескерткіштерінің деректер базасы жасалып, оазистер бойынша көрнекі карталар жасау арқылы қоныстану модельдерінің даму динамикасы анықталды.

Тас дәуірі саласында орта палеолитке жататын, мәдени қабаттары бұзылмаған Өгем 2 тұрағына зерттеу жүргізілді, бұл табылым Қазақстандағы осы кезеңді зерттеуде жаңа перспективаларға жол ашты. Сарыжазық 3, 6 тұрақтарымен қатар, Өгем 2 ескерткіші аймақтың орта палеолиттің соңында, MIS 3 мұздықтар аралық кезеңінде қоныстануы мүмкін екендігін айғақтайды.

Бағаналы қорымының материалдары бойынша жаратылыстану ғылымдарының нәтижелері қоныстар, қорымдар мен жартас суреттері бар ғибадатханалар арасындағы тығыз құрылымдық байланысты көрсетті. Зерттеу барысында палеоэкологиялық жағдай динамикасының қола дәуіріндегі шаруашылық түрлерінің қалыптасуы мен дамуындағы шешуші рөлі анықталды. Керамика бұйымдардағы бидай дәндерінің іздерін талдау аймақта ерте егіншіліктің болғанын көрсетті [Endo et al. 2025].

Түркістан археологиялық жасағы далалық жерлеу дәстүрінің ерекшеліктерін көрсететін маңызды археологиялық кешен — Көксарай қорымында зерттесе, Қаратау археологиялық жасағы Жамбыл облысының Жуалы және Талас аудандарында археологиялық ескерткіштерді анықтау жұмыстарын атқарды, соның барысында ерте темір дәуірінен ерте орта ғасырларға дейінгі кезеңді қамтитын 60-қа жуық қорым, 700-ге жуық қабір және ғұрыптық ескерткіштер құжатталды.



Жанкент, Сүткент, Қараасар, Бекет, Қараспантөбе, Ханқорған, Асанас қалаларының көпжылдық қазба материалдарына (зооархеологиялық коллекциялар) жүйелеу жұмыстары жүргізіліп, бұл ежелгі қоныстардағы малшаруашылығының құрылымы мен тұтыну мәдениетін нақтылауға мүмкіндік берді. Палеоантропологиялық коллекцияларды (Қаңлы кезеңі, Жетіасар мәдениеті) зерттеу Сырдария аңғары тұрғындарының антропологиялық типін және көші-қон процестеріне қатысуы деңгейін анықтады.

Далалық зерттеулер кезінде Жетіасар мәдениетінің Қараасар қаласынан б.д. V–VI ғғ. екі құрылыс кезеңіне жататын 40-қа жуық үй-жай анықталды. 2025 ж. Түркістан облысындағы барлау жұмыстары барысында 155 археологиялық ескерткіш есепке алынып, Сырдарияның орта ағысындағы ортағасырлық қала мәдениетінің даму динамикасы мен урбанизация генезисіне зерттеу жүргізілді.

Бағдарлама аясында төрт монография және отандық және шетелдік басылымдарда жиырмаға жуық мақала жарық көрді [Болелов, Утубаев 2025; Ақымбек және т.б. 2025; Smailov, Kazmadiyarova 2025]. Ғылыми коммуникацияны айтарлықтай кеңейту және зерттеу нәтижелерін отандық және шетелдік басылымдарда ұсыну орындалған жұмыстың маңызды бөлігіне айналды. Жарияланған материалдардың тақырыбы тас индустриясы мен ежелгі қыш өндірісін талдаудан бастап, нумизматика, антропология, Әмір Темірдің қыпшақ жорығы және Ұлытаудың ортағасырлық археологиялық ландшафтыларын зерделеуге дейінгі ауқымды мәселелерді қамтыды [Усманова және т.б. 2025].

А.Н. Подушкиннің «Тарихи және этномәдени контекстегі Қаңлы мемлекеті» деп аталатын монографиясында Қаңлы мемлекетіне тән бірегей жазба деректер — керамикалық кірпіш-кестелерге түсірілген қаңлы (прото-соғды, Күлтөбе) жазбасы түріндегі жаңа материалдарға талдау жасалған. Сонымен қатар археологиялық және жазба деректер негізінде Қаңлы мемлекетінің тарихы, этникалық құрамы, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, халықаралық байланыстары мен сауда жүйесі жан-жақты зерттелген.

Жанкент қаласында жүргізілген пәнаралық зерттеулер атты еңбекте 2011–2024 жж. аралығында жүргізілген бірлескен ізденістер нәтижелері ұсынылған. 2018–2022 жж. жүргізілген геоархеологиялық зерттеулер (геоморфология, топырақты зерттеу және радиокөміртекті мерзімдеу) ескерткіштің геохронологиясы мен даму кезеңдері, ландшафттық орта және елді мекеннің өмір сүру кезеңіндегі табиғи ортаның жалпы жағдайы, мәдени қабаттардың қалыптасу және өзгеру ерекшеліктері, жергілікті жағдайлардың өзгеруіне байланысты ескерткіштегі экологиялық жағдайлардың ерекшеліктері, оның ішінде зерттелген мәдени қабаттардың қалыптасу тарихымен және көптеген жаңа ақпарат әкелді және тұрғындардың қоныстану-шаруашылық қызметімен байланысты көптеген жан-жақты жаңа ақпарат береді.

М.Қ. Тұяқбаевтың «Түркістан шұратының қалалары мен қоныстары (б.д.д. VI ғ. – б.д. XIX ғ.)» атты ғылыми еңбегі – Түркістан оазисіндегі ежелгі және ортағасырлық урбанизация үдерісін кешенді түрде қарастыратын іргелі археологиялық зерттеулердің бірі. Бұл монографияда Түркістан оазисінің қалалары мен қоныстарының қалыптасуы, дамуы, олардың тарихи-топографиялық құрылымы, мәдени қабаттары мен археологиялық материалдары негізінде екі жарым мың жылдан астам уақытты қамтитын тарихи эволюциясы жан-жақты талданады.

Келесі Шәкәрім университетімен бірлесіп, Институт қызметкерлері **BR24992916 «Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу»** бағдарламасын (ғылыми жетекшісі – А.К. Айтқали) іске асырды. Ағымдағы жылы жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:



архивтегі және кітапханадағы дереккөздерге талдау жасалды, геоақпарат технологияларын қолдана отырып, археологиялық ескерткіштердің деректер базасы қалыптастырылды, Жаңасемей ауданында іздеу-барлау және далалық зерттеу жұмыстары жүзеге асты, қазақ дәуіріндегі ескерткіштерге этноархеологиялық бақылаулар жүргізілді. Палеоантропологиялық, археозоологиялық және басқа да әдістерді қолдана отырып, археологиялық материалдарды пәнаралық және зертханалық зерттеуге ерекше назар аударылды. Алынған мәліметтер негізінде аймақтың ежелгі және ортағасырлық қоғамдарының палеоэкологиялық жағдайларының, шаруашылық қызметінің, қолөнер өндірісінің және әлеуметтік-мәдени жүйелерінің жекелеген аспектілері реконструкцияланды.

Алынған нәтижелер бірқатар ескерткіштердің, соның ішінде мәдени динамиканың ұзақ процесін көрсететін материалдар тіркелген ерте металл дәуіріндегі кейбір қоныстардың стратиграфиялық және типологиялық сипаттамаларын нақтылауға мүмкіндік берді. Қола дәуірі бойынша дереккөздерді талдау негізінде қолданыстағы кезеңдеулердің жекелеген ережелері қайта қаралып, Усть-Бөкен және Қанай дәстүрлері тұрғысынан Еуразиялық металлургиялық провинция жүйесіндегі палеометалл өндірістік және қолөнер орталықтарының дамуын жаңаша қарастыруға мүмкіндік беретін дәлелдемелер ұсынылды. Мұздыбай қорымынан табылған ерте түркі жерлеу орны – Ертіс маңы үшін сирек кездесетін, VII ғ. жататын, көне түркі мемлекеттілігінің қалыптасу дәуірінің жерлеу салты мен символикасының ерекшеліктерін көрсететін археологиялық кешен.

Геоақпараттық жүйелерді, трасологиялық, антропологиялық және археозоологиялық әдістерді қолдану ежелгі қоғамдардың шаруашылық және мәдени аспектілерін реконструкциялауға кешенді көзқарасты қамтамасыз етті. Пәнаралық зерттеулердің қорытындылары дереккөз базасын кеңейтіп қана қоймай, аймақтың этномәдени байланыстары мен табиғи-климаттық ортасының трансформациясын одан әрі зерделеудің жаңа бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаны орындау аясында үш монография, бір каталог және отандық және шетелдік рейтингтік басылымдарда оннан астам мақала жарық көрді [Самашев 2025; Ошанов 2025; Археологическая коллекция ... 2025; Rakhimzhanova et al. 2025; Ошанов 2025; Sakenov, Yarygin 2025; Khassenova 2025; Мамиров, Мерц 2025; Ярыгин және т.б. 2025].

#### *Гранттық жобаларды іске асыру*

2025 ж. Институт қызметкерлері ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында 12 гранттық жобаны іске асырылып, барлық зерттеулер бекітілген күнтізбелік жоспарларға сәйкес жүргізілді (2-қосымша).

2025 жылы төрт гранттық жоба бойынша зерттеу жұмыстары аяқталды.

**АР19678689 «Қарлұқтардың торевтикасы: көркемдік дәстүрлері мен технологиялары»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — Б.М. Хасенова) Қызылорда және Ақтөбе облыстарының музей коллекциялары, сондай-ақ «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің материалдары бойынша орта ғасырлардағы торевтика бұйымдарына зерттеу жүргізілді. Дала ақсүйектері әйелдерінің әлеуметтік және символдық мәртебесінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берген XIII–XIV ғғ. әйелдердің жерлеу кешендеріне ерекше назар аударылды. Алынған нәтижелер көркемдік дәстүрлердің сабақтастығын және моңғолдық мәдени модельдің ықпалын айғақтайды, сондай-ақ көшпелі қоғамның гендерлік аспектілері мен әлеуметтік құрылымы туралы түсінікті кеңейтеді. Зерттеу қорытындылары ғылыми жарияланымдар мен арнайы каталогта көрініс тапқан [Смаилов және т.б. 2025].



**AP19678440 «Көкентау археологиялық кешені: тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін кешенді зерттеу»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — А.Қ. Айтқали) Көкентау массивінің (Шығыс Сарыарқа) бөктеріндегі оба нысанына зерттеу жүргізілді. Радиокөміртекті талдау ескерткішті кейінгі сақ кезеңіне (б.д.д. IV–III ғғ.) жатқызуға мүмкіндік берді. Олжалардың арасында сақ-үйсін типіндегі жапсырма ыдыс және ғұрыптық практикада қолданылған оттың, жосаның және органикалық заттардың іздері бар тас алтарь ерекшеленеді. Үйіндінің стратиграфиясы құрылыстың күрделі әрі көпқабатты құрылымын көрсетеді. Қармола типтес материалдармен және Орталық пен Шығыс Қазақстан кешендерімен салыстырмалы талдау барысында ауқымды өңіраралық байланыстар анықталды. Алынған мәліметтер кейінгі сақ кезеңіндегі жерлеу ғұрыптары мен мәдени өзара іс-қимылдар туралы түсініктерді айтарлықтай толықтырады [Айтқали және т.б. 2025].

**AP19678131 «Оңтүстік Қазақстан және іргелес аймақтардың (Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) қыш өндірісін зерттеу: дәстүр және қазіргі заман»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — С.Ж. Рахимжанова) Жетісу мен Қырғызстанның Ош облысында этнографиялық зерттеулер жүргізілді. Тандырлар мен саман кірпіштерді дайындаудың ежелгі технологиялары, соның ішінде қолөнерлік және үй жағдайындағы өндіріс формалары тіркелді. Қалыптау массаларының рецептурасындағы, конструкциялық ерекшеліктеріндегі және соған байланысты ғұрыптардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Алғаш рет әйелдердің қыш өнеріне тән, бұрын сипатталмаған технологиялық тәсілдер құжатталды. Зерттеу нәтижелері Орталық Азияның қыш дәстүрлерінің эволюциясы және олардың сақталу тетіктері туралы түсініктерді кеңейтеді [Абилева және т.б. 2025; Петрова және т.б. 2025].

**AP19579221 «Ұлытау өңіріндегі ежелгі және орта ғасырлармен мерзімделетін тас мүсіні бар құрылыстардың салыну дәстүрі»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — Ә.Д. Қасенова) Ұлытаудағы тас мүсінді ескерткіштердің таралу аймағы нақтыланды. Қазақстанның тас мүсіндерінің 1000-нан астам нысанды қамтитын тізілімі жасалып, Сарыарқа шегінде олардың таралуының жаңартылған картасы құрылды. Осы зерттеу аясында алғаш рет аталған құрылыстардың архитектуралық-құрылыс ерекшеліктеріне, соның ішінде олардың конструкциясына, жасау технологиясы мен стратиграфиясына кешенді талдау жүргізілді. Қазба жұмыстарының материалдары ескерткіштердің ерте темір дәуірінен орта ғасырларға дейінгі хронологиясын нақтылауға мүмкіндік берді. Археозоологиялық және трасологиялық зерттеулер шаруашылық қызмет пен ғұрыптық практикаларды реконструкциялауға септігін тигізді. Құрылыстар мен тас мүсіндердің типологиялық классификациясы әзірленіп, олардың кезеңделуі нақтыланды және тас қашау өнері дәстүрінің өңірлік ерекшеліктері анықталды. Қаратал, Нөгербек, Қызылжар ескерткіштерінде жүргізілген қазба жұмыстарының материалдары негізінде алынған жаңа радиокөміртектік (C14) деректер ерте темір дәуірінен ортағасырларға дейінгі ескерткіштердің хронологиясын нақтылауға, сондай-ақ олардың мәдени-тарихи тиесілігін айқындауға мүмкіндік берді [Manarova et al. 2025; Ермоленко және т.б. 2025].

Далалық маусымның шектеулі мерзіміне қарамастан, жаңа гранттық жобалар бойынша да алдын ала нәтижелер алынды.

**AP27511675 «Жошы Ұлысы дәуіріндегі тұрақты қоныстардың орналасуы, топографиясы және құрылымы»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — Г.Д. Билялова) тарихнамалық шолу дайындалып, 200-ден астам дереккөзді қамтитын библиография құрастырылды. Өңірдің археологиялық нысандары бойынша деректер қоры құрылды. Есіл өзенінің аңғарында жүргізілген барлау жұмыстары барысында орта ғасырларға жататын алты жаңа қоныс пен үш қорым анықталды, сондай-ақ Орманбет қаласы зерттелді.



**АР26100215 «Солтүстік Қазақстанның ежелгі қоғамдарының экологиясы, сәулеті және тіршілікті қамтамасыз ету модельдері»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — А.С. Ғаниева) архив материалдары жүйеленіп, Сарыарқаның палеоландшафттары бойынша деректер қоры құрылды. Далалық зерттеулер барысында әртүрлі кезеңге жататын 25 археологиялық нысан анықталып, тұрғын үй-шаруашылық инфрақұрылымының элементтері тіркелді. Ерте темір дәуіріндегі тұрғындардың қоныстану, өмір сүру және маусымдық көші-қон жүйелеріне реконструкция жүргізілді [Ғаниева, Сәкенов 2025].

**АР26103639 «Атшұбар қонысы мен Жабай қорымының материалдары негізінде кейінгі қола дәуірі қоғамдарының шаруашылық-кеңістіктік ұйымының моделі (пәнаралық зерттеу)»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі — С.Қ. Сәкенов) пайдалы қазбалар өндірілетін орындарды, қоныстар мен қорымдарды қамтитын көптеген нысандар анықталды. Қазба жұмыстары жүргізіліп, материалдарды кешенді құжаттандыру жұмыстары атқарылды. Ескерткіштердің шоғырлануы мен мыс кенін өндіру арасындағы байланыс анықталды, сондай-ақ Жабай қорымының өңірлік сағана ретіндегі рөлі айқындалды. Алынған материалдар әрі қарай талдауға және жариялауға дайындалды.

**АР26103583 «Ұлыс Жошының орталықтарының бірі ретінде Ойыл-Қобда локалды микроаймағы»** жобасы аясында (ғылыми жетекшісі – А.А. Бисембаев) Жошы ұлысы кезеңінің ескерткіштері туралы мәліметтері бар архив материалдарын жинау, жүйелеу және талдау жұмыстары жүргізілді. Қобда өзенінің оң және сол жағалауларында барлау жұмыстары жасалды. Балалар сағанасы (10 жас шамасындағы балаларды жерлеу орны) мен күл төгетін жері бар, жапсарлас салынған жерлеу кешендерін қамтитын Бұлақ II обалы қорымы, Бұлақ I (2-ші оба) нысандары, сондай-ақ Жамансу шатқалындағы екі оба зерттелді. Бұлақ және Жамансу ескерткіштерінен алынған сүйек материалдарының үлгілеріне жүргізілген радиокөміртекті мерзімдеудің алдын ала нәтижелері алынды.

*Пәнаралық зерттеулер* 2025 жылы Институттағы зооархеология, физикалық антропология және археологиялық технологиялар зертханалары базасында жүргізілді. Зооархеология зертханасында 27 мыңнан астам сүйек қалдығы мен жүзге жуық толық/бөлшек қаңқаларды қамтитын зооархеологиялық коллекцияларға ауқымды зерттеу жасалды. Бұл коллекциялар бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру жобаларын іске асыру аясында 32 ескерткіште, оның ішінде 9 қоныс, 14 қорым және 9 қалада жүргізілген қазба нәтижесінде жиналды.

Зооархеология саласындағы жұмыстар ескерткіштердегі зерттеулерде жануарлардың түрлік арақатынасын көрсетуге, сүйек қалдықтарының өзгеру сипатын анықтауға, ескерткіш тұрғындарының палеоэкономикасы бойынша мәліметтер беруге мүмкіндік берді. Осылайша, Жетісудың талданған ескерткіштерінің материалдары бойынша қола дәуірінде жылқының рөлі салыстырмалы түрде төмен болып, ұсақ және ірі қара мал басым болғанын, шаруашылықтың отырықшы-жайылымдық сипатта болғанын айтуға болады. Ерте темір дәуірінде жылқылардың үлесі артқан, бұл көшпелі малшаруашылығы жүйесінің қалыптасуын көрсетеді. Ортағасырлық кешендерде негізгі үй жануарлары түрлерінің басымдығы қайта тіркеледі, сондай-ақ жылқының ғұрыптық рөлі, әсіресе Қаратоған және Алмарасан секілді ескерткіштерде сақталады.

Сарыарқа материалдары бойынша алынған деректер қола дәуірінде тұрақты, бейімделген және кешенді шаруашылық моделінің болғанын растайды. Экономикалық іс-әрекеттің негізі дамыған жайылымдық малшаруашылығы болды, ал аңшылық пен балық аулау тамақ ресурстарының жалпы көлемін толықтыра отырып, қосалқы рөл атқарды.



Қаратау және Сырдария өңірінің материалдары бойынша алынған деректер малшаруашылығының үздіксіз эволюциясын ғана көрсетіп қоймай, ұсақ мүйізді малға негізделген қарапайым отбасылық жүйеден қала орталықтарына, айырбас байланыстарын, өнімдерді тасымалдау мен қайта өңдеуді қамтитын күрделі экономикалық құрылымға біртіндеп көшу процесін растайды. Жылқы мен түйе сүйектерінің тіркелуі зооархеологиялық деректердің экономикалық-әлеуметтік интерпретациясын кеңейте отырып, өңір экономикасындағы көлік құралдарының рөлін нақтылайды.

Ал физикалық антропология зертханасында әртүрлі тарихи-мәдени өңірлердегі Қазақстан тұрғындарының морфологиясы бойынша мәліметтер жинақталды. Батыс Қазақстан, Қазақ Алтайы және Жетісуда палеопопуляциялардың қалыптасу динамикасы анықталды. Шетелдік зертханаларға жіберілген палеогенетикалық үлгілер бойынша материалдар жинау барысында палеогенетикалық зерттеулердің негізгі «қамту аймақтары» айқындалды. Институттың антропологиялық коллекциясын инвентаризациялау кезінде болашақта пәнаралық сипаттағы отандық және халықаралық жобаларды жоспарлауға болатын 800-ге жуық үлгі дайындалды. Бұл жұмыстар жобаның күнтізбелік жоспарының негізгі тапсырмалары аясында орындалды және Қазақстанның антропологиялық дереккөздерін жүйелеу мен талдау бойынша деректер корпусын толықтырады.

Соңғы онжылдықтарда алғаш рет жаңа антропологиялық сериялар, атап айтқанда жетіасар мәдениеті мен қаңлы дәуірінің материалдары ғылыми айналымға енгізіле бастады. Алынған нәтижелер Сырдария атырауы мен Оңтүстік Қазақстан тұрғындарына тән морфологиялық кешендердің бар екенін растады, бұл ретте жеке ерекшеліктерге де, мәдени тәжірибелерге де (мысалы, бассүйектің жасанды деформациясы) байланысты айқын вариативтілік анықталды. Сақ дәуірінің (Даубай, Бостан, Шырыш және Сарытоғай қорымдары) краниологиялық және остеологиялық материалдары және т. б. ғылыми айналымға енгізілді [Амиров және т.б. 2025].

Мысалы, Самсы ескерткіші мен іргелес өңірлердің материалдары негізінде алынған нәтижелер орта ғасырдағы жергілікті тұрғындардың физикалық бет-әлпеті мен морфологиялық вариативтілігі туралы түсініктерді нақтылап қана қоймай, онтогенетикалық процестерді реконструкциялаудағы пәнаралық тәсілдің маңызын растайды. Борсы қорымындағы жерлеу орнынан табылған сол жақ кәрі жіліктің медиалды бетіндегі патологиялық өзгеріске ерекше назар аударуға болады. Белгілер жиынтығы созылмалы қабыну процесін – оқшау остеомиелитті немесе ұзаққа созылған жарақаттан кейінгі асқынуды көрсетеді [Жанұзақ және т.б. 2025].

Археологиялық технологиялар зертханасында жұмыстар бірнеше бағытта жүргізілді. Археоботаника мен керамика технологиясын зерттеу аясында әдеби дереккөздер мен зертханалық талдау негізінде егіншілік тарихы бойынша деректер базасы құрылды. Әртүрлі хронологиялық кезеңдердегі (қола дәуірінен орта ғасырларға дейін) ескерткіштерде тары, бидай және арпаның болғаны туралы деректер алынды. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның керамикалық кешендерінің хронологиялық классификациясы құрылып, қалыптау массаларының рецептуралары (майда құм қоспасы, органикалар) және термиялық өңдеу тәсілдері тіркелді [Суюндикова және т.б. 2025]. Мысалы, Ұйғарақ қорымынан табылған ыдыс фрагменттерінде тары (*Panicum miliaceum L.*) ретінде анықталған дәнді дақылдардың көптеген іздері тіркелді. Алынған деректер ұқсас өсімдік қабыршақтары табылған Бәбішмола оазисінің археоботаникалық зерттеулерінің нәтижелерімен салыстырылды. Бұл жағдай ерте темір дәуіріндегі тұрғындардың тағам ретінде және ғұрыптық тәжірибеде тарыны қолданғанын көрсетеді.



Табылған дәнді дақылдардың — ең алдымен кәдімгі тарының іздері технологиялық ерекшеліктерді ғана емес, малшаруашылығы мен егіншілік компоненттерінің өзара әрекетін көрсете отырып, тұрғындардың егіншілік өмір салтын да бейнелейді.

Бурнооктябрь қаласында жұмсақ бидай (*Triticum aestivum*), тарының екі түрі (*Panicum miliaceum*, *Setaria italica*) және жасымық (*Lens culinaris*) дәндері табылды. Табылған олжалар аймақтың жартылай құрғақ климатына бейімделген дамыған көпсалалы егіншіліктің болғанын растайды. Қаракемер қонысында арпаның (64,8%) және бидайдың (29,2%) тарыға қарағанда абсолютті басымдығы тіркелді, бұл нақты микроаудандардағы астық теңгерімінің құрылымы туралы түсініктерді нақтылайды.

Зертханадағы трасологиялық зерттеулер бойынша Тоқсанбай қонысынан табылған тастан жасалған 60 дана боластардың: ірілері балға ретінде сүйектерді сындыруға пайдаланылған, орташасы аңшылық барысында жануарлардың аяқтарын тұсау үшін қолданылған, ал кішісі зілтас қызметін атқарғаны анықталды. Ерте темір дәуіріне жататын Түрген шатқалындағы Шарын қонысынан табылған тастан жасалған кетпендер үш типке бөлініп: олар жер қопсытуға, құрылыс жұмыстарына, минералдарды бөлшектеуге арналған құралдар ретінде пайдаланылғаны анықталды. Қоныс тұрғындарының жер өңдеу, үй құрылысы және егіншілікпен айналысқанын көрсетеді. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста қолданылған еңбек құралдарының үлесі басым болғаны байқалады. Ә.Х. Марғұлан мен В.Н. Валукинскийдің Милықұдық, Кресто-Центр қоныстары мен Кресто кенішінен жинақталған музей қорындағы тас және сүйек еңбек құралдарына жүргізген трасологиялық талдауы нәтижесінде қола дәуірінің бастапқы кезеңінен-ақ бұл құралдардың кен өндіру және металл өңдеудің толық циклінде қолданылғанын көрсетті.

Заттарды консервациялау және реставрациялау бағыты бойынша металдан, ағаштан және сүйектен жасалған 80-нен астам бұйымды реставрациялау жұмыстарының толық циклі жүргізілді. Механикалық және химиялық тазарту, тежеу және консервациялау әдістері қолданылды. Өңдеу нәтижесінде бірқатар заттардан жасырын детальдар (балтадағы таңба белгісі, өрнек) анықталды. Апаттық жағдайда болған заттар тұрақтандырылды.

Нумизматика саласында Сарыарқа мен Оңтүстік Қазақстанның археологиялық қазбалары мен музей қорларынан алынған 2500-ден астам монета бірлігін қамтитын тізілім құрастырылды. Негізгі деректер Алтын Орда және Қарахан кезеңдеріне тиесілі. Жерлеу орындарынан монеталардың табылу фактілері тіркелді, бұл олардың жерлеу ғұрпындағы атқаратын қызметін интерпретациялау үшін пайдаланылды [Казмадиярова 2025].

Геоматика және цифрлық археология саласында жауынгерлердің қару-жарағы мен жабдықтарына 11 ғылыми графикалық реконструкция жасалды, 107 шолу және 320 топографиялық карта, сондай-ақ 362 ортофотожоспар мен ЦЖМ (цифрлық жер бедері моделі) дайындалды, деректер базасына 1289 ескерткіш туралы мәліметтер енгізілді, сонымен қатар заттарды 3D-реконструкциялау және жәдігерлерді 3D-цифрландыру жұмыстарын жүргізсе, археологиялық жасақтар базасындағы далалық зерттеулер барысында, сондай-ақ Жазғы дала мектептері аясында мамандар археологиядағы пәнаралық әдістерді кеңінен қолдануды үйретті.

### **Жарияланым белсенділігі**

2025 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты «Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер» және «Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының еңбектері» сериялық басылымдары аясында монографиялар шығаруды жалғастырды. Бірінші серия шеңберінде Қазақстан



археологиясының өзекті мәселелеріне арналған тоғыз монография жарық көрді (1-қосымша). 2025 жылғы басылымдар сериясын А.Е. Астафьев пен Е.С. Богдановтың Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы Қарақабак қонысын (I ғ. – VI ғ. ортасы) көпжылдық зерттеу қорытындыларына арналған монографиясы ашты. Шығарылымда Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы Қарақабак ескерткішін зерттеудің алғашқы нәтижелеріне арналған. Соңғы жылдардағы Қазақстан археологиясындағы тың ашылымдардың бірі саналатын, I ғасыр мен VI ғасырдың ортасымен мерзімделетін Қарақабак порттық қала типтес қонысында 2017–2024 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулердің алғашқы нәтижелері ұсынылып отыр. А. Астафьев пен Е. Богдановтың авторлығында жарияланып отырған бұл монография қазақ тарихының ақтаңдақ беттері саналатын I–VI ғасырлар аралығында өткен мәдени-тарихи үрдістерді Маңғыстауда жаңадан ашылған Қарақабак қонысы материалдары негізінде қайта жаңғыртуға тырысқан алғашқы талпыныс. Тың тақырып болған соң, жауаптан гөрі сұрақ көп. Аталмыш қоныстағы алдағы зерттеулер деректік қорды тың мәліметтермен толықтыратынына сеніміміз мол.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының еңбектері сериясымен 2025 жылы 3 монография жарық көрді. Қ. Жамбулатовтың монографиясында Еуразия даласының көне тарихындағы ең күрделі әрі аз зерттелген құбылыстардың бірі саналатын Батыс Қазақстанның кейінгі сармат археологиялық мәдениеті зерделенді. Б.д. II ғасырының екінші жартысы мен III ғасырының соңғы ширегін қамтитын, хронологиялық жағынан салыстырмалы түрде қысқа мерзімді құрайтын кейінгі сармат кезеңі – көшпелі тұрғындардың көші-қоны, жерлеу-ғұрыптық салтының өзгеруі және дала аймағының ұлан-ғайыр кеңістігінде тұрақты мәдени дәстүрлердің қалыптасуы сынды қарқынды мәдени-тарихи процестермен сипатталды. А.Е. Астафьевтің еңбегі Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы көлік-логистикалық инфрақұрылымның қалыптасу тарихына қатысты әртүрлі тарихи-археологиялық материалдарды жүйелі түрде жинақтау мен оларды жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Тарихи география тұрғысынан алғанда, Үстірт жазығы мен Маңғышлақ (Маңғыстау) түбегінің өзіне тән аумақтық ерекшеліктері бар. Үстірт жазығы бір жағынан Орта Азиядағы отырықшы-егіншілік оазистер мен қалалық орталықтар, екінші жағынан Еуразия далалық белдеуіндегі көшпелі қауымдар арасындағы тікелей этникалық немесе мәдени байланыс, не транзит аймағы ретінде қарастырылатын болса, Маңғышлақ түбегінде географиялық тұрғыда тұйықталу және мәдени оқшаулану белгілері бар.

«Қазақстанның археологиялық топтамасы» сериясы аясында Семей қаласы музейлерінің коллекциялары мен Тараз қаласынан табылған Қарахан дәуірінің көркем күміс бұйымдарына арналған екі ғылыми каталог жарық көрді. «2023–2025 жж. арналған Ақтөбе облысының мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, жаңғырту және насихатау бойынша жол қарасы» бағдарламасы шеңберінде бұрын тіркелген және жаңадан ашылған археологиялық нысандар ғылыми-энциклопедиялық сипаттағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы» сериясының кезекті шығарылымы жарияланды. Бұл жинақ Темір ауданына арналды және Ақтөбе облысының тарих және мәдениет ескерткіштеріне арналған үшінші басылым болды, бұған дейін 2023 ж. Қарғалы ауданы бойынша [Свод ... 2023] және 2024 ж. Мәртөк ауданы бойынша [Свод ... 2024] баспадан шыққан еді [МЧ, 2025: 75].

Қазақстан археологтарына арналған библиографиялық шығарылымдар сериясын басып шығару жұмыстары жалғасты. 2025 ж. ҚР ҰҒА академигі, белгілі ғалым К.М. Байпақовтың туғанына 85 жыл толуына орай библиографиялық очерк жарық көрді.



Іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында 2025 ж. Институттың дәстүрлі «Марғұлан оқулары» және «Ақынжанов оқулары» конференциялары өткізілді. Конференция материалдары жыл сайын шығарылатын журнал және жинақ түрінде басылып шықты, бұл жинақтарға Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері бойынша жарияланымдар мен жас ғалымдардың жұмыстары енді.

«Қазақстан археологиясы» журналын шығару жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. 2025 ж. журнал Азиядағы ең үздік басылым атанып, беделді халықаралық SCImago Journal Rank 2024 рейтингінде Азия өңіріндегі 13 археологиялық басылымның арасында бірінші орынға ие болды. Сілтемелердің жоғары деңгейі мен беделінің арқасында басылым SJR тағайындайтын ең жоғары санат — Q1 квантиліне енді. Бұл жүйе журналдарды төрт деңгейге бөліп, олардың пәндік саласына қарамастан ғылыми ықпалын объективті түрде өлшеуге мүмкіндік береді. Scopus деректер базасының негізгі көрсеткіші – CiteScore бойынша «Қазақстан археологиясы» журналы өз позициясын жақсартып, Q3 квантилінен Q2 деңгейіне көтерілді, бұл оның ғылыми маңызы мен халықаралық деңгейде танылуының тұрақты өсуін растайды. Сондай-ақ Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия президиумының шешімімен «Қазақстан археологиясы» журналы Тәжікстанның ресми ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді.

Институт қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігі де артты: 2025 ж. 170-тен астам ғылыми мақала жарық көрді, оның 65-і Scopus және Web of Science рейтингтік басылымдарында индекстелген. Мақалалардың квантильдер бойынша бөлінуі жоғары импакт-факторлы басылымдарға шығудың тұрақты тенденциясын көрсетіп отыр. Q1 санатындағы журналдарда 20 мақала жарияланса, Q2 санатындағы жарияланымдар саны 2,7 есеге артып, 41 мақаланы құрады.

**Халықаралық ынтымақтастық аясында** 2025 ж. Институт археологияның түрлі бағыттары бойынша бірлескен жобаларды іске асыру аясында жетекші отандық және шетелдік ғылыми ұйымдармен ынтымақтастығын жалғастырды. АҚШ, Германия, Жапония, Корея, Қытай, Ресей және Францияның ғылыми мекемелерімен жұмыс кездесулері өткізіліп, олардың қорытындысыда ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Атап айтқанда, ҚРҒЖБМҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Францияның Ұлттық превентивті археологиялық зерттеулер институты (INRAP) арасындағы келісім аясында INRAP жұмыс тобы «Марғұлан оқулары–2025» конференциясына қатысу үшін іссапармен келді. Сапардың мақсаты Қазақстанда превентивті археологияның халықаралық тәжірибесін қолдану мүмкіндіктерін талқылау, сондай-ақ Институттың еуропалық гранттық қаржыландыру жүйесіне интеграциялану перспективаларын бағалау болды.

Өз кезегінде Археология институтының қызметкерлері Париждегі INRAP штаб-пәтеріне қарымта сапармен барып, мекеменің әкімшілік құрылымымен, сондай-ақ геоақпараттық жүйелермен арнайы деректер базасын пайдалану тәжірибесімен танысты. Бағдарлама қала жағдайындағы (Нотр-Дам соборы ауданындағы) археологиялық жұмыстарға қатысуды, сондай-ақ Бурлон қаласындағы нысандарға барып, геофизика мен фотограмметрияны қоса алғанда, бүлдірмей зерттеу әдістерін зерделеуді қамтыды. Руан қаласындағы өңірлік орталықта бейінді мамандармен кездесулер өтіп, пәнаралық тәсілдің маңызы айқындалды. Сапар қорытындысы бойынша Қазақстанда превентивті археология принциптерін енгізу және біріңғай деректер базасын құру қажеттілігі атап өтіліп, алдағы ынтымақтастық перспективалары айқындалды (4-сур.).



Жалпы алғанда, 2025 ж. Қазақстан-Франция ғылыми өзара іс-қимылының нығаюымен ерекшеленді. Қазақстанның Франциядағы Елшілігінің қолдауымен Адам палеонтологиясы институтында «Қазақстан археологиясы: екіжақты ынтымақтастықтың жетістіктері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Францияның жетекші ғылыми орталықтары: Ғылыми зерттеулердің ұлттық орталығы (CNRS), Ұлттық превентивті археологиялық зерттеулер институты (INRAP), Ұлттық жаратылыстану тарихы музейі, сондай-ақ Тулуза антропобиология және геномика орталығы (CAGT) қатысты. Конференция қорытындысы бойынша Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен I Альберт қорының (Монако князьдығы) Адам палеонтологиясы институты арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды (5-сур.).

Қазақстан-Франция ынтымақтастығының алғашқы нәтижелерінің бірі отандық археологтардың Қазақстанның тас дәуіріне арналған 11 мақаласы жарияланған «*L'Anthropologie*» халықаралық ғылыми журналының екінші нөмірінің (129-том, № 2, 2025 ж. сәуір–маусым) жарық көруі болды. Бұл шығарылым – еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеуге бағытталған бірлескен зерттеулердің маңызды нәтижесі. 1890 ж. негізі қаланған «*L'Anthropologie*» журналы Scopus халықаралық деректер базасына кіреді және тарихқа дейінгі археология мен палеоантропология саласындағы зерттеулерді жариялайтын беделді алаң болып саналады [*L'anthropologie* 2025].

Берлин Еркін университетінің Тарихқа дейінгі археология институтымен Шығыс Қазақстанның неолит және энеолит ескерткіштеріне бірлескен зерттеулер жүргізуді қарастыратын ғылыми ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Аталған нысандар иемденуші шаруашылықтан өндіруші шаруашылыққа көшуді, сондай-ақ технологиялар мен әлеуметтік құрылымдардың дамуын зерттеу тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады.

Людвиг-Максимилиан университетімен (LMU, Мюнхен) бірлесіп ежелгі жануарлардың ДНҚ-сын зерттеу жобасы қолға алынды. Ынтымақтастық аясында Қазақстан аумағындағы түрлі кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштерден табылған остеологиялық материалдарға малшаруашылығының дамуымен жануарларды қолға үйрету процестерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін генетикалық талдау жүргізу жоспарлануда.

2025 ж. Қытай Халық Республикасының ғылыми мекемелерімен де бірқатар келісімдер жасалды. Ганьсу провинциясының Мәдени мұра істері жөніндегі басқармасы, Ганьсу провинциясының Мәдени жәдігерлер мен археология институты, Солтүстік-Батыс университеті, сондай-ақ Ішкі Моңғолия университеті өкілдерінің жұмыс сапарлары өтті. Негізгі нәтижелердің бірі — бірлескен жобаларды іске асыру және Жетісу мен Ганьсудың археометаллургиялық ескерткіштеріне пәнаралық зерттеулер жүргізу туралы келісімді қоса алғанда, екіжақты ғылыми өзара іс-қимылды дамыту болды (6-сур.).

Арканзас университетімен жасалған келісім аясында Солтүстік Қазақстан тұрғындарының энеолит дәуіріндегі тіршілігін қамтамасыз ету стратегияларын қалпына келтіруге бағытталған Красный Яр I ескерткішіне бірлескен зерттеулер басталды. Жұмыста археозоология, палеогеномика, изотоптық талдау әдістері, сондай-ақ цифрлық және дәстүрлі археологиялық тәсілдер қолданылады.

Сонымен қатар Тейкио университетінің (Жапония) Мәдени құндылықтар ғылыми-зерттеу институтымен археология және мәдени мұраны сақтау саласындағы бірлескен зерттеулерді дамытуға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Келісім бірлескен жобаларды іске асыруды, орта ғасыр ескерткіштеріне далалық зерттеулер жүргізуді, консервация және реставрация саласындағы мамандарды даярлауды, сондай-ақ археоботаника мен археозоологияны қоса алғанда, пәнаралық зерттеулерді дамытуды қарастырады.




Жалпы алғанда, 2025 ж. көпшілігі нақты ғылыми жобаларды іске асыру бойынша қосымша келісімдермен бірге қабылданған отандық және шетелдік ұйымдармен 16 ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Жасалған келісімдер туралы толығырақ ақпарат Институттың ресми парақшаларында (мысалы, archeo.kz қараңыз) ұсынылған.

***Институттың ғылыми-ұйымдастыру қызметі және кадрлық әлеуетті дамыту***

2025 ж. бойы Институт Қазақстан аумағында халықаралық ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысты.

Қазақстан тарихының көптомдық академиялық басылымын дайындау қорытындылары талқыланған «Отан тарихының өзекті мәселелері» атты Қазақстан тарихшылары ұлттық конгресінің форумы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері белсене қатысқан 2025 ж. ғылыми іс-шаралар тізбегін ашты. Форум жұмысы аясында Институт Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Е.Т. Қариннің бастамасымен Қазақстан археологиясы саласындағы жетістіктермен жұртшылықты таныстыру мақсатындағы жыл сайынғы дәстүрлі іс-шара ретінде «Қазақстан археологиясы: тың жаңалықтар» көрмесін ұйымдастырды (1-сур.).

2025 жылдың 26–28 наурызы аралығында Алматы қаласында ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



1-сур. «Қазақстан археологиясы: жаңа ашылымдар» көрмесі, Астана қ., 25.01.2025.

Фотосурет Институт архивінен

Рис. 1. Выставка «Археология Казахстана: новые открытия», г. Астана, 25.01.2025.

Фото из архива Института

Fig. 1. Exhibition “Archaeology of Kazakhstan: New Discoveries,” Astana, 25 January 2025.

Photo from the archive of the Institute



және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ұйымдастырған дәстүрлі «Марғұлан оқулары–2025» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция аясында Қазақстан мен көршілес елдердің аумағында жүргізілген 2024 ж. археологиялық зерттеулердің нәтижелері туралы баяндамалар тыңдалды. Палеоантропология, палеогенетика, археометаллургия, археозоология, археоботаника, цифрлық археология, жасанды интеллект пен геоақпараттық жүйелерді қолдануды қоса алғанда, пәнаралық тәсілдерге, сондай-ақ археологиялық мұраны сақтау және реставрациялау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Конференция бағдарламасы ауқымды хронологиялық және тақырыптық бағыттарды қамтитын 100-ден астам ғылыми баяндаманы қамтыды. Іс-шараға Қазақстаннан, сондай-ақ АҚШ, Германия, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Ұлыбритания және Франциядан 20-дан астам ғылыми және білім беру мекемелерінің өкілдері қатысты.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен тәжірибе алмасуға ерекше назар аударылды. Қатысушылар Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 35 жылдығына және Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының 80 жылдығына орайластырылған ІІ Халықаралық археологиялық симпозиумды 2026 жылы Астана қаласында өткізу бастамасын қолдады.


2025 жылғы 9–11 сәуір аралығында Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен, «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығымен және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығымен бірлесіп студенттер мен жас ғалымдардың дәстүрлі «Ақынжанов оқулары–2025» халықаралық ғылыми конференциясы өткізілді. Конференцияға отандық әріптестермен бірге Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей өкілдері қатысып, 52 баяндама тыңдалды. Келесі конференцияны Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің базасында өткізу туралы шешім қабылданды.

Жас мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында жыл бойы Институт үш халықаралық далалық археологиялық мектеп ұйымдастырды. Оның біріншісі Ұлытау облысында өтті және археологиядағы пәнаралық әдістерге арналды. Мектеп аясында далалық және камералық тіркеудің заманауи әдістері, эксперименттік зерттеулер, трасологиялық талдау, палеоантропологиялық және археозоологиялық материалдармен жұмыс істеу негіздері қарастырылды.

Екінші халықаралық далалық мектеп Абай облысындағы Көкентау археологиялық кешенінде өтті. Мектеп жұмысына алты елдің жас зерттеушілері қатысты. Бағдарлама геоархеологияны, лидерлік түсірілімді, археометаллургияны, сондай-ақ остеологиялық материалдармен және палеоантропологиялық олжалармен жұмыс істеу әдістерін зерделеуді қамтыды.

2025 жылғы 18–27 қыркүйек аралығында Түркістан қаласында ХІІ Болгар халықаралық археологиялық мектебінің ІІ кезеңі өтті. Бағдарлама ЮНЕСКО мұрасы нысандарын құжаттандыруға және ежелгі құралдарды эксперименттік-трасологиялық талдауға арналды. Қатысушылар археологиялық материалдарды тіркеудің, талдаудың және интерпретациялаудың заманауи әдістерін меңгерді. Өңірдің негізгі ескерткіштері бойынша көшпелі сабақтар мен экскурсиялар іс-шараның маңызды бөлігіне айналды.

Жыл бойы Институт бірқатар халықаралық ғылыми семинарлардың ұйымдастырушысы болды. Атап айтқанда, 2025 ж. тамызда екіжақты ғылыми ынтымақтастықты дамытуға бағытталған «Ежелгі өркениеттер ізімен: Қазақстан мен Өзбекстан археологиясы» атты далалық семинар өтті. Іс-шара аясында Сырдарияның төменгі ағысын зерттеу нәтижелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



2-сур. 2025 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициялары. Шартты белгілер: а – сараптама учаскелері; b – 2025 ж. қазбалар; с – 2025 ж. барлаулар. Картада цифрлармен белгіленген: 1 – Өгем тұр.; 2 – Алтынқолат т.о.; 3 – Бірлік 1 қор.; 4 – Шарын қон.; 5 – Сарыжазық 3 тұр.; 6 – Хан Ордасы қ.; 7 – Бақатас қон.; 8 – Саңдықтау қон.; 9 – Айбас дарасы обасы; 10 – Жұлдыз 1 қор.; 11 – Көкентау қон.; 12 – Қызылбұлақ 4 қон.; 13 – Түрген 2 қон.; 14 – Қарқара қор.; 15 – Серектас қон.; 16 – Сарыжазық қ.; 17 – Бесмойнақ обалары; 18 – Жанкент қ.; 19 – Сүткент қ.; 20 – Қырық Оба қор.; 21 – Сорлақмола 2 қор.; 22 – Бәбішмола қ.; 23 – Қараасар қ.; 24 – Қансар с.; 25 – Жайлаутөбе к.; 26 – Қарақабак қ.; 27 – Красный Яр қон.; 28 – Қарабау қор.; 29 – Таулытас қор.; 30 – Тәжегүл қор.; 31 – Қаратоған к.; 32 – Орманбет қ.; 33 – Жетіжар қон.; 34 – Ақмая қон.; 35 – Егінді ескерткіші; 36 – Ешкіөлмес петроглифтері; 37 – Үш қыз к.; 38 – Абат-Байтақ с.; 39 – Жабай қор.; 40 – Атшұбар қон.; 41 – Едіге к.; 42 – Ақтөбе қор.; 43 – Рудничный қор.; 44 – Қайнар 1 тұр.; 45 – Қайнар 3 тұр.; 46 – Мәстекбай тұр.; 47 – Борсық қор.; 48 – Мұздыбай 3 қор.; 49 – Жабай қор.; 50 – Атшұбар қор.; 51 – Жаманты т.о.; 52 – Ұзынағаш 1 тұр.; 53 – Ұзынағаш 3 тұр.; 54 – Бағаналы қор. (тұр. – тұрақ; т.о. – табылым орны; қор. – қорым; қон. – қоныс; қ. – қала; к. – кешен; с. – сағана). Орындаушы: Қ.М. Асылбеков

Рис. 2. Экспедиции Института археологии имени А.Х. Маргулана в 2025 г. Условные обозначения: а – участки экспертизы; b – раскопки 2025 г.; с – разведки 2025 г. На карте цифрами обозначено: 1 – ст. Угам; 2 – мест. Алтын колат; 3 – м. Бирлик 1; 4 – п. Шарын; 5 – ст. Сарыжазык 3; 6 – г. Хан Ордасы; 7 – п. Бакатас; 8 – п. Саңдыктау; 9 – курган Айбас дарасы; 10 – м. Жулдыз 1; 11 – п. Кокентау; 12 – п. Кызылбулак 4; 13 – п. Тургень 2; 14 – м. Каркара; 15 – п. Серектас; 16 – к. Сарыжазык; 17 – курганы Бесмойнак; 18 – г. Жанкент; 19 – г. Сюткент; 20 – м. Кырык Оба; 21 – м. Сорлакмола 2; 22 – г. Бабиш-мола; 23 – г. Кара асар; 24 – н. Кансар; 25 – к. Жайлаутөбе; 26 – г. Каракабак; 27 – п. Красный Яр; 28 – м. Карабау; 29 – м. Таулытас; 30 – м. Тажегул; 31 – к. Каратоған; 32 – г. Орманбет; 33 – п. Жетіжар; 34 – п. Ақмая; 35 – памятник Егінди; 36 – петроглифы Ешкиолмес; 37 – к. Уш қыз; 38 – н. Абат-Байтақ; 39 – м. Жабай; 40 – п. Атшубар; 41 – к. Едыге; 42 – м. Ақтөбе; 43 – м. Рудничный; 44 – ст. Кайнар 1; 45 – ст. Кайнар 3; 46 – ст. Мастекбай; 47 – м. Борсық; 48 – м. Муздыбай 3; 49 – м. Жабай; 50 – м. Атшубар; 51 – мест. Жаманты; 52 – ст. Узынағаш 1; 53 – ст. Узынағаш 3; 54 – м. Бағаналы (ст. – стоянка; мест. – местонахождение; м. – могильник; п. – поселение; г. – городище; к. – комплекс; н. – некрополь). Исполнитель: К.М. Асылбеков



Fig. 2. Expeditions of the Margulan Institute of Archaeology in 2025. Legend:  
a – survey areas; b – excavations in 2025; c – reconnaissance in 2025.

The map numbers indicate: 1 – Ugam site; 2 – Altyn Kolat locality; 3 – Birlik 1 burial ground; 4 – Sharyn settlement;  
5 – Saryzhazyk 3 site; 6 – Khan Ordasy settlement; 7 – Bakatas settlement; 8 – Sandyktau settlement;  
9 – Aibas Darasy kurgan; 10 – Zhuldyz 1 burial ground; 11 – Kokentau settlement; 12 – Kyzylbulak 4 settlement;  
13 – Turgen 2 settlement; 14 – Karkara burial ground; 15 – Serektas settlement; 16 – Saryzhazyk complex;  
17 – Besmoinak kurgans; 18 – Zhankent settlement; 19 – Syutkent settlement; 20 – Kyryk Oba burial ground;  
21 – Sorlakmola 2 burial ground; 22 – Babish-mola settlement; 23 – Kara Asar settlement; 24 – Kansar necropolis;  
25 – Zhaylautobe complex; 26 – Karakabak settlement; 27 – Krasnyi Yar settlement; 28 – Karabau burial ground;  
29 – Taulytas burial ground; 30 – Tazhegul burial ground; 31 – Karatogan complex; 32 – Ormanbet settlement;  
33 – Zhetizhar settlement; 34 – Akmaya settlement; 35 – Egindi site; 36 – Eshkiolmes petroglyphs;  
37 – Ush kyz complex; 38 – Abat-Baitak necropolis; 39 – Zhabai burial ground; 40 – Atshubar settlement;  
41 – Edige complex; 42 – Aktobe burial ground; 43 – Rudnichnyi burial ground; 44 – Kainar 1 site;  
45 – Kainar 3 site; 46 – Mastekbai site; 47 – Borsyk burial ground; 48 – Muzdybai 3 burial ground;  
49 – Zhabai burial ground; 50 – Atshubar burial ground; 51 – Zhamanty locality; 52 – Uzynagash 1 site;  
53 – Uzynagash 3 site; 54 – Baganaly burial ground. Prepared by K.M. Asylbekov



3-сур. Қазақстан делегациясының INRAP-қа сапары. 2025 жыл 21–26 қыркүйек.  
Фотосурет Институт архивінен

Рис. 3. Визит делегации из Казахстана в INRAP. 21–26 сентября 2025 г.

Фото из архива Института

Fig. 3. Visit of a delegation from Kazakhstan to INRAP, 21–26 September 2025.  
Photo from the archive of the Institute



4-сур. «Қазақстан археологиясы: республикалар арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытудың жетістіктері мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Париж қ., 18.09.2025. Фотосурет Институт архивінен

Рис. 4. Международная научно-практическая конференция «Археология Казахстана: достижения и перспективы развития двухстороннего сотрудничества между республиками», г. Париж, 18.09.2025. Фото из архива Института

Fig. 4. International Scientific and Practical Conference “Archaeology of Kazakhstan: Achievements and Prospects for the Development of Bilateral Cooperation between the Republics,” Paris, 18 September 2025. Photo from the archive of the Institute



5-сур. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты делегациясының Қытайға сапары.  
2025 жыл 10–20 қараша. Фотосурет Институт архивінен

Рис. 5. Визит делегации Института археологии имени А.Х. Маргулана в Китай. 10–20 ноября 2025 г.  
Фото из архива Института

Fig. 5. Visit of a delegation of the Margulan Institute of Archaeology to China, 10–20 November 2025.  
Photo from the archive of the Institute

Институттың тұңғыш директоры Карл Молдахметұлы Байпақовтың (1940–2018) туғанына 85 жыл толуына орай, 2025 ж. 3 қазанда Институтта «Ұлы Жібек жолы – өркениеттер арасындағы мәдени және сауда көпірі» атты халықаралық конференция өтті. Конференцияға Орталық Азияның орта ғасырлар археологиясы бойынша жетекші мамандары қатысты.

2025 жылдың 18–21 маусымы аралығында Ольга Анатольевна Артюхованы (1952–2024) еске алуға арналған «Орталық Азияның кейінгі палеолитіндегі мәдени динамика» атты халықаралық далалық семинар ұйымдастырылды. Семинар аясында палеоэкологиялық реконструкциялар, тас индустриялары және трасологиялық зерттеулер бойынша жаңа деректер ұсынылды. Ұзынағаш кешеніне және «Тянь-Шань ориньягі» мәдени құбылысын бөліп көрсетуді негіздеуге ерекше назар аударылды.



6-сур. «Археологиядағы пәнаралық әдістер» халықаралық жазғы археологиялық мектебі.  
Ұлытау, 2025 жыл 2–7 шілде. Фотосурет Институт архивінен

Рис. 6. Международная летняя археологическая школа «Междисциплинарные методы в археологии».  
Улытау, 2–7 июля 2025 г. Фото из архива Института

Fig. 6. International Summer Archaeological School “Interdisciplinary Methods in Archaeology,”  
Ulytau, 2–7 July 2025. Photo from the archive of the Institute

2025 жылдың 29–30 қыркүйегінде өткен «Қазақстан мен көршілес аумақтардың керамикасын зерттеудің өзекті мәселелері» атты ғылыми семинарды ерекше атап өткен жөн. Жұмыс барысында керамиканы талдаудың заманауи әдістері, сондай-ақ оның тарихи-мәдени процестерді реконструкциялаудағы маңызды дереккөзі ретіндегі рөлі талқыланды.

Жалпы алғанда, 2025 жыл халықаралық деңгейдегі ғылыми іс-шараларға толы болды. Институт қызметкерлері конференцияларға, семинарларға, білім беру бағдарламаларына белсенді қатысты, дәрістер оқыды және тағылымдамалардан өтті.

Институттың бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зайнолла Самашевқа «Қазақстан археологиясы бойынша материалдар мен зерттеулер» сериясын жасағаны үшін Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының берілуі айтулы оқиға болды. Бұл марапат отандық археологияның дамуына қосылған елеулі үлесті мойындау және зерттеу мектебінің жоғары ғылыми әлеуетін көрсетеді.



### Қорытынды

Осылайша, 2025 ж. іргелі, бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру нәтижелері Қазақстандағы археология ғылымының даму деңгейінің жоғары екендігін және оның заманауи ғылыми және технологиялық талаптарға сәйкес тұрақты трансформацияланғанын көрсетті. Жүргізілген зерттеулер тас дәуірінен орта ғасырларға дейінгі негізгі тарихи кезеңдерді қамтыды және деректер базасын айтарлықтай кеңейтуге, хронологиялық және мәдени модельдерді нақтылауға, сондай-ақ ел аумағындағы ежелгі қоғамдардың дамуындағы жаңа заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

2025 ж. Институтта: іргелі ғылыми қаржыландыру аясында бір жоба, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша үш жоба, «Шәкәрім атындағы университет» КеАҚ-пен бірлескен бір жоба, 12 гранттық жоба және сегіз бюджеттен тыс келісімшарттық жоба іске асырылды. Оларды орындау барысында 12 монография және 170-тен астам ғылыми мақала жарық көрді, оның ішінде 65 мақала Scopus және Web of Science базаларындағы басылымдарда индекстелді.

Орындалған ғылыми жобалар аясында барлығы 70 археологиялық экспедиция ұйымдастырылып, олардың 37-сі тікелей қазба жұмыстарын қамтыды. Сонымен қатар, 21 тарихи-мәдени сараптама жүргізіліп, нәтижесінде 68 жаңа тарихи-мәдени мұра нысаны анықталды.

Барлау экспедициялары Қазақстан аумағындағы ежелгі мәдениеттердің таралу аймағын, хронологиясын және мәдени ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік берді. Арал маңы Қарақұмдары мен Сырдарияның төменгі ағысында әртүрлі дәуірлерге жататын 40 археологиялық тұрақ анықталды. Ақтөбе облысының Хромтау ауданында 321 нысан зерттеліп, қосымша 69 қорған мен 63 қорым тіркелді.

Алматы облысында 107 ескерткіш қарастырылып, олардың шамамен 20%-ы жаңадан анықталды. Жетіжол мен Бесбатыр жоталарында 200-ге жуық жаңа петроглиф беткейлері және 9 жаңа шоғыр құжатталды. Көктас жотасында шамамен 40 тау-кен өндіріс орны тіркелді. Сарымсақты аңғарында 1500-ден астам бейнесі бар ірі петроглифтер кешені анықталды. Қаратау өңірінде 700-ге жуық жерлеу-еске алу нысандары (60 қорым) тіркеліп, олардың шамамен 300-і жаңадан анықталды. Түркістан облысында 155 ескерткіш зерттеліп, олардың бір бөлігі жаңадан табылды және жай-күйіне мониторинг жүргізілді. Абай облысында 200-ден астам, ал Ұлытау облысының Жаңаарқа мен Ұлытау аудандарында 100-ге жуық жаңа археологиялық нысан құжатталды.

Жалпы, алынған нәтижелер Қазақстанның археологиялық мұрасының кең ауқымын көрсетіп, оны есепке алу, сақтау және ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын жетілдірудің маңыздылығын айқындайды.

Институт тек археологтарды ғана емес, сонымен қатар сабақтас пән өкілдерін, сондай-ақ Қазақстанның археологиялық мұрасын сақтауға мүдделі қалың жұртшылықты біріктіретін танымал ашық ғылыми алаңға айналды. Зерттеу нәтижелері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ресми сайтында (archeo.kz), әлеуметтік желілерде және есептік баспасөз конференциялары аясында тұрақты түрде жарияланып тұрады. Институт алдағы жылдарға арналған басым ғылыми міндеттер жоспарын әзірледі және ұжым оларды 2026 жылы жүйелі түрде іске асыруға жұмылдырылған.



**Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 2025 жылғы басылымдары**

*Монографиялар:*

1 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXV. Астафьев А., Богданов Е. Поселение Каракабак на северо-восточном берегу Каспийского моря (I – середина VI вв.). Алматы: ИА, 2025. 448 с.

2 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXVI. Подушкин А.Н. Государство Кангюй в историческом и этнокультурном контекстах. Алматы: ИА, 2025. 416 с.

3 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXVII. Логвин А.В., Шевнина И.В. Могильник Бестамак. Алматы: ИА, 2025. 472 с.

4 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXVIII. Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А. Алакульская культура Центрального Казахстана (по материалам погребальных комплексов). Алматы: ИА, 2025. 400 с.

5 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXIX. Ломан В.Г. Древнее гончарство Центрального Казахстана (по данным технико-технологического анализа керамики). Алматы: ИА, 2025. 280 с.

6 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXX. Кукушкин А.И. Бронзовый век Казахстана: история изучения. Алматы: ИА, 2025. 256 с.

7 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXXI. Мерц В.К. Многослойная стоянка Шидерты 3 Алматы: ИА, 2025. 360 с.

8 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXXII. Аржанцева И.А., Харке Г., Тажекеев А.А. Междисциплинарные исследования городища Жанкент (работы 2011–2024 гг.). Алматы: ИА, 2025. 360 с.

9 Қазақстан археологиясы. Деректер мен зерттеулер / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXXIII. Туякбаев М.К. Города и поселения Туркестанского оазиса (VI в. до н.э. – XIX в. н.э.). Алматы: ИА, 2025. 368 с.

10 Труды Института археологии им. А.Х. Марғұлана. Т. VIII. Астафьев А. Система торговых коммуникаций Арало-Каспия в древности и в Средневековье. Алматы: ИА, 2025. 360 с.

11 Труды Института археологии им. А.Х. Марғұлана. Т. IX. Жамбулатов К.А. Памятники позднесарматского времени Западного Казахстана. Алматы: ИА, 2025. 200 с.

12 Труды Института археологии им. А.Х. Марғұлана. Т. X. Железняков Б.А., Шаяхметов А.Х. Памятники наскального искусства хребта Жетыжол. Алматы: ИА, 2025. 280 с.

*«Қазақстан археологиясы» журналы:*

Қазақстан археологиясы. 2025. № 1 (27). 276 б.

Қазақстан археологиясы. 2025. № 2 (28). 380 б.

Қазақстан археологиясы. 2025. № 3 (29). 328 б.

Қазақстан археологиясы. 2025. № 4 (30). 300 б.

*«Марғұлан оқулары» жылдық жинақ:*

Марғұлан оқулары–2025. 328 б.



*Каталогтар:*

Археологическая коллекция Казахстана. Т. IV. Смаилов Ж.Е., Торгоев А.И., Хасенова Б.М. Тарихи Тараз. Художественное серебро Караханидов. Научный каталог / под общ. ред. А. Онгарулы. Алматы: АИ, 2025. 320 б.

*Конференция жинақтары:*

Ақынжанов оқулары–2025: студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы (Туркестан қ. 9–11 сәуір 2025 ж.) / Бас. ред. Ә.Д. Қасенова, жауапты ред. Р.С. Мусаева. Алматы: АИ, 2025. 244 б.

*Биобиблиография:*

Байпаков Карл Молдахметұлы. Қазақстан археологтарының биобиблиографиясы. 19-шығарылым. Алматы: АИ, 2025. 248 с.

*Қазақстан Республикасының Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы:*

Ақтөбе облысы. 3-шығарылым. Темір ауданы. – Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Актюбинская область. Вып. 3. Темирский район. Алматы; Ақтөбе: АИ, 2025. 584 б. (Қазақша, орысша).

Қосымша 2

**Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында 2025 жылы жүзеге асырылған  
ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобаларының тізімі**

- 2023–2025 жж арналған:

1 Көкентау археологиялық кешені: тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін кешенді зерттеу (жетекшісі: *PhD А.К. Айтқали*);

2 Қарлұқтардың торевтикасы: көркемдік дәстүрлері мен технологиялары (жетекшісі. *PhD Б.М. Хасенова*);

3 Оңтүстік Қазақстан және іргелес аймақтардың (Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) қыш өндірісін зерттеу: дәстүр және қазіргі заман (жетекшісі: *т.ғ.к. С.Ж. Рахымжанова*).

- 2023–2025 жж арналған (жас ғалымдар конкурсы бойынша):

1 Ұлытау өңіріндегі ежелгі және орта ғасырлармен мерзімделетін тас мүсіні бар құрылыстардың салыну дәстүрі (жетекшісі: *т.ғ.к. А.Д. Касенова*).

- 2024–2026 жж. арналған (жас ғалымдар конкурсы бойынша):

1 Шығыс Арал маңы тас дәуірінің ескерткіштерін археологиялық зерттеу (жетекшісі: *т.ғ.к. С.Ж. Рахымжанова*);

2 Қазақ Алтайының қимақ мәдени кешенін пәнаралық зерттеу (жетекшісі: *PhD А.К. Айтқали*);

3 Жетісудың ерте темір дәуірінен этнографиялық кезеңге дейінгі әйелдердің металл әшекейлері: ерекшеліктері мен сабақтастығы (жетекшісі: *PhD А.Е. Айтбаева*).

- 2024–2026 жж. арналған (Жас ғалым конкурсы):

1 Орталық Қазақстанның қола дәуірінің сүйек-мүйізді бұйымдары мен құралдарын зерттеу (жетекшісі: *Г.Б. Саргизова*).



- 2025–2027 жж. арналған (жас ғалымдар конкурсы бойынша):

1 Жошы Ұлысы дәуіріндегі тұрақты қоныстардың орналасуы, топографиясы және құрылымы (Солтүстік және Орталық Қазақстан) (жетекшісі: PhD Г.Д. Билялова)

- 2025–2027 жж. арналған:

1 Солтүстік Қазақстанның ежелгі қоғамдарының экологиясы, сәулеті және тіршілікті қамтамасыз ету модельдері (жетекшісі: т.ғ.к. А.С. Ғаниева);

2 Ұлыс Жошының орталықтарының бірі ретінде Ойыл-Қобда локалды микрораймағы (жетекшісі: т.ғ.к. А.А. Бисембаев);

3 Атшұбар қонысы мен Жабай қорымының материалдары негізінде кейінгі қола дәуірі қоғамдарының шаруашылық-кеңістіктік ұйымының моделі (пәнаралық зерттеу) (жетекшісі: PhD С.К. Сәкенов).

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Абилева Н., Рахимжанова С., Аккошкарлова Ж. Орталық Азия елдері қыш ісінің материалдық емес аспектісі: аңыз-әңгімелер мен нанымдар // БҚУ Хабаршысы (Вестник ЗКУ). 2025. № 1 (97). 219–230–66.
- 2 Айтқали А.К., Курманғалиев А.К., Ержанова А.Е., Каримбаева З.Р. Курган позднесакского времени из Восточной Сарыарки // Сибирские исторические исследования. 2025. № 2. С. 189–208.
- 3 Ақымбек Е.Ш. Талас өңірінің ежелгі және ортағасырлардағы урбанизациясы // Қазақстан археологиясы. 2025. № 1 (27). 100–125–66.
- 4 Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С., Нурғали Н.Б. Усадьба в структуре средневекового городища Каракемер: организация пространства и его использование // МАИАСП. 2025. № 21. С. 34–48.
- 5 Амиров Е.Ш., Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р., Жанузак Р.Ж., Ахметов И.Д. Погребальные практики кочевников Келесской степи (по материалам аварийных раскопочных работ) // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2025. № 2 (28). С. 250–271.
- 6 Археологическая коллекция Казахстана. Т. V. Из собрания Областного историко-краеведческого музея города Семей. Научный каталог / Под общ. ред. А. Онгарулы. Семей: Шәкәрім университеті, 2025. 416 с.
- 7 Болелов С., Утубаев Ж. Низовья Сырдарья в системе трансконтинентальных торговых путей и культурных связей (вторая половина I тыс. до н.э.) // МАИАСП. 2025. № 20. С. 85–102.
- 8 Ғаниева А.С., Сәкенов С.Қ. Солтүстік Сарыарқа қазақ қыстаулары: дәстүрлі өмір салты археологиясы // Марғұлан оқулары–2025. 81–90–66.
- 9 Горячев А.А., Егорова Т.А. Петроглифы комплекса Ордакул в горах Дауылбай // Марғұлановские чтения–2025 (Марғұлан оқулары). С. 206–233.
- 10 Ермолаева А.С., Ержанова А.Е., Дубягина Е.В., Шағирбаев М.С., Танғытова Д.К. Поселение переходного времени (IX—VII вв. до н.э.) Серектас-2 в Жетысу: новые данные // МАИАСП. 2025. № 21. С. 147–177.
- 11 Ермоленко Л.Н., Касенова А.Д., Дүйсенбай Д.Б., Касеналы А.Е. Новые находки изваяний сакской эпохи в Казахском мелкосопочнике (в аспекте проблем культурно-хронологической атрибуции и эволюции) // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2025. № 3 (29). С. 182–197.
- 12 Жанузак Р.Ж., Буранбаев Р.Н., Шербаев Р.К. Население Жетысу в тюркское время (VIII–XI вв.) по данным краниологии (по материалам памятника Самсы) // Археология евразийских степей. 2025. № 5. С. 215–232.
- 13 Железняков Б.А., Шаяхметов А.Х. Памятники наскального искусства хребта Жетыжол / Труды Института археологии имени А.Х. Марғұлана. Т. X. Алматы: ИА, 2025. 300 с.
- 14 Захаров С.В. Полевые исследования памятников энеолита на территории казахстанского Приишимья в 2000-х–2010-х гг. // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2025. № 1 (27). С. 31–66.
- 15 Казмадиярова И.Т. История изучения монет Тараза (до XIII века) // Ахинжановские чтения–2025 (Ақынжанов оқулары): М-лы междунар. науч. конф. студентов и молодых ученых (г. Туркестан, 9–11 апреля 2025 г.) / Гл. ред. А.Д. Касенова, отв. ред. Р.С. Мусаева. Алматы: ИА, 2025. С. 127–130.



- 16 Мамиров Т.Б., Мерц В.К. О «первом сигнале о наличии позднего палеолита в Казахстане» и новых идеях // МАИАСП. 2025. № 20. С. 159–165.
- 17 Ошанов О.Ж. Қазақтың шаруашылық күнтізбесі – даланың мәдени құбылысы. Семей: Шәкәрім университеті, 2025. 336 б.
- 18 Ошанов О.Ж. Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Айғыз және Айбас: Абай облысының ескерткіштерін жаңадан археологиялық зерттеу аясында // Қазақстан археологиясы. 2025. № 3 (29). 11–20-бб.
- 19 Петрова Н.Ю., Дубова Н.А., Рахимжанова С.Ж. Взаимосвязь архаичных методов конструирования в гончарстве и в строительстве из глины Центральной Азии // Археология, этнография и антропология Евразии. 2025. № 2. С. 99–107.
- 20 Самашев З. Изобразительная деятельность древнего населения Казахского Алтая. Семей: Шәкәрім университеті, 2025. 400 с.
- 21 Смаилов Ж.Е., Хасенова Б.М., Дарменов Р.Т., Абильдин А.К. Образы хищников в эпоху Средневековья: наследие традиций звериного стиля» // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2025. № 1 (27). С. 238–252.
- 22 Суюндикова М., Калиева Ж., Антонов М.А. Утубаев Ж. Егіншілік мәдениетін зерттеу контексіндегі Арал маңы ерте көшпелілерінің қыш өндірісі // Қазақстан археологиясы. 2025. № 2 (28). 317–337-бб.
- 23 Усманова Ә.Р., Захаров С.В., Панюшкина И.П. Природно-исторические локусы Улуса Джучи в Улытау // Золотоордынское наследие: М-лы VIII Междунар. Золотоордынского форума «Рах Татарика: средневековые источники и исторический контекст» (Болгар–Казань, 9–11 июня 2025 г.) / Отв. ред. А.В. Аксанов. Вып. 6. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2025. С. 293–306.
- 24 Утубаев Ж.Р., Ерсариев А.М., Әлибай Б.Е. Алматы облысы, Бесмойнақ 6 кешенінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің хабарламасы // «Қазақстандағы далалық зерттеулер. 2022–2024 жж.» ғылыми мақалалар жинағы / Жауапты ред. Е.Ш. Амиров, П.Б. Мұсырманқұл. Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 2025 104–109-бб.
- 25 Ярыгин С.А., Хасенова Б.М., Сакенов С.К. «Солнцеголовый» лучник из Кайраколь (кочевники позднесакского времени между Кокентау и Алатау) // МАИАСП. 2025. № 21. С. 98–121.
- 26 Endo E., Kaliyeva Z., Utubayev Z., Kasenova A.D., Suyundikova M., Onggaruly A., Spengler R., Shoda S. Grain impressions in ceramic vessels illustrate the extent of 1st millennium bc agriculture across the northern Central Asian steppe // Vegetation History and Archaeobotany. 2026. No. 35. Pp. 363–375
- 27 Khassenova B. Women’s Jewellery of the Kimeks according to Archaeological Materials // Gumilyov Journal of History. 2025. Vol. 152, No. 3S1. Pp. 201–216.
- 28 L’anthropologie. 2025. 129 (2).URL: <https://www.sciencedirect.com/journal/lanthropologie/vol/129/issue/2> (accessed 26.03.2026).
- 29 Манарова А., Assylbekov K., Beisenbaeva G., Turmakhan N., Akkaliyeva A., Kassenova A. Stone sculptures of Jetisu and Saryarka: spatial patterns, iconography and the concept of gis-register // МАИАСП (МАИАСП). 2025. No. 21. Pp. 7–21.
- 30 Ozherelyev D.V., Mamirov T.B. Dynamique culturelle des industries lithiques du site Pale’olithique superieur de Rakhat (Tian-Shan septentrional) // L’Anthropologie. 2025a. Vol. 129 (2). Article 103351.
- 31 Ozherelyev D.V., Mamirov T.B. Paléolithique supérieur ancien des piémonts du Tian-Shan septentrional (Kazakhstan du Sud-est). Dernières découvertes et état de la recherche // L’Anthropologie. 2025b. Vol. 129 (2). Article 103368.
- 32 Rakhimzhanova S., Merts V., Rakotobe A. Technology of vessel making of the Early Bronze Age from the Chemar 5 and Chemar 7 settlements (East Kazakhstan) // Kazakhstan Archeology. 2025. No. 3 (29). Pp. 198–209.
- 33 Sakenov S., Yarygin S. Bronze Age Mining Communities in the Semei and Pavlodar Irtysh region // Gumilyov Journal of History. 2025. Vol. 152, No. 3S1. Pp. 162–175.
- 34 Smailov Zh., Kazmadiyarova I. Coins of the Turkic Khaganates from Taraz Settlement (Southern Kazakhstan) // МАИАСП (МАИАСП). 2025. № 21. С. 77–87.



REFERENCES

- 1 Abileva, N., Rakhimzhanova, S., Akkoshkarova, Zh. 2025. In *Vestnik ZKU (Bulletin WKU)* 1 (97), 219–230 (in Kazakh).
- 2 Aitkali, A. K., Kurmangaliev, A. K., Yerzhanova, A. E., Karimbaeva, Z. R. 2025. In *Siberian Historical Research* 2, 189–208 (in Russian).
- 3 Akymbek, E. Sh. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 1 (27), 100–125 (in Kazakh).
- 4 Akymbek, E. Sh., Shagirbayev, M. S., Nurgali, N. B. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 21, 34–48 (in Russian).
- 5 Amirov, Y., Buranbayev, R., Kamaldinov, I., Zhanuzak, R., Akhmetov, I. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 2 (28), 250–271 (in Russian).
- 6 Onggaruly, A. (ed.). 2025. *Archaeological Collection of Kazakhstan*. Vol. V. Semey: Shakarim University (in Russian).
- 7 Bolelov, S., Utubayev, Zh. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 20, 85–102 (in Russian).
- 8 Ganieva, A. S., Sakenov, S. K. 2025. In *Margulan oqulary–2025 (Margulan Readings)*, 81–90 (in Kazakh).
- 9 Goryachev, A. A., Egorova, T. A. 2025. In *Margulan oqulary–2025 (Margulan Readings)*, 206–233 (in Russian).
- 10 Ermolaeva, A. S., Yerzhanova, A. E., Dubyagina, E. V., Shagirbayev, M. S., Tangytova, D. K. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 21, 147–177 (in Russian).
- 11 Ermolenko, L. N., Kasenova, A., Duisenbay, D., Kassenali, A. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 3 (29), 182–197 (in Russian).
- 12 Zhanuzak, R. Z., Buranbayev, R. N., Sherbaev, R. K. 2025. In *Arkheologiya Evraziiskikh Stepei (Archaeology of the Eurasian Steppes)* 5, 215–232 (in Russian).
- 13 Zheleznyakov, B. A., Shayakhmetov, A. Kh. 2025. *Pamyatniki naskalnogo iskusstva hrebta Jetijol (Rock Art Sites of the Jetijol Ridge)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 14 Zakharov, S. V. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 1 (27), 31–66 (in Russian).
- 15 Kazmadiyarova, I. T. 2025. In: Kassenova, A. D., Mussayeva, R. S. (eds.). *Aqinjanov oqulary–2025 (Akhinzhanov Readings)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 127–130 (in Russian).
- 16 Mamirov, T. B., Merts, V. K. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 20, 159–165 (in Russian).
- 17 Oshanov, O. Zh. 2025. *Kazakh Economic Calendar as a Cultural Phenomenon of the Steppe*. Semey: Shakarim University (in Kazakh).
- 18 Oshanov, O. Zh. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 3 (29), 11–20 (in Kazakh).
- 19 Petrova, N. Yu., Dubova, N. A., Rakhimzhanova, S. Zh. 2025. In *Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia* 2, 99–107 (in Russian and English).
- 20 Samashev, Z. 2025. *Izobrazitel'naya deyatelnost drevnego naseleniya Kazahskogo Altaya (Art Activity of the Ancient Population of the Kazakh Altai)*. Semey: Shakarim University (in Russian).
- 21 Smailov, Zh. E., Khassenova, B. M., Darmenov, R. T., Abildin, A. K. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 1 (27), 238–252 (in Russian).
- 22 Suyundikova, M., Kaliyeva, Z., Antonov, M., Utubayev, Z. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 2 (28), 317–337 (in Kazakh).
- 23 Usmanova, E. R., Zakharov, S. V., Panyushkina, I. P. 2025. In: Aksanov, A. V. (ed.). *Zolotoordynskoe nasledie (Golden Horde Legacy. Materials of the VIII International Golden Horde Forum)*. Issue 6. Kazan: Marjani Institute of History, 293–306 (in Russian).



- 24 Utubayev, Zh. R., Ersariyev, A. M., Alibai, B. E. 2025. In: Amirov, E. S., Musyrmanqul, P. B. (eds.). *Qazaqstandagı dalalyq zertteuler. 2022–2024 (Field Research in Kazakhstan in 2022–2024)*. Astana: National Museum of the Republic of Kazakhstan, 104–109 (in Kazakh).
- 25 Yarygin, S. A., Khassenova, B. M., Sakenov, S. K. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 21, 98–121 (in Russian).
- 26 Endo, E., Kaliyeva, Z., Utubayev, Z., Kasenova A.D., Suyundikova M., Onggaruly, A., Spengler, R., Shoda S. 2026. In *Vegetation History and Archaeobotany* 35, 363–375.
- 27 Khassenova, B. 2025. In *Gumilyov Journal of History* 152 (3S1), 201–216.
- 28 *L'Anthropologie*. 2025. 129 (2). URL: <https://www.sciencedirect.com/journal/lanthropologie/vol/129/issue/2> (accessed 26.03.2026).
- 29 Manapova, A., Assylbekov, K., Beisenbaeva, G., Turmakhan, N., Akkaliyeva, A., Kassenova, A. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 21, 7–21.
- 30 Ozherelyev, D. V., Mamirov, T. B. 2025a. In *L'Anthropologie* 129 (2), Article 103351 (in French).
- 31 Ozherelyev, D. V., Mamirov, T. B. 2025b. In *L'Anthropologie* 129 (2), Article 103368 (in French).
- 32 Rakhimzhanova, S., Merts, V., Rakotobe, A. 2025. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 3 (29), 198–209.
- 33 Sakenov, S., Yarygin, S. 2025. In *Gumilyov Journal of History* 152 (3S1), 162–175.
- 34 Smailov, Zh., Kazmadiyarova, I. 2025. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 21, 77–87.

#### CRediT authorship contribution statement

**A. Onggaruly:** conceptualization, administration, editing.

**A. Kassenova:** analytics and systematization, editing.

**T. Mamirov:** analytics and systematization, writing and editing, visualization.

#### Авторлық үлес

**А. Оңғарұлы:** тұжырымдау, басқару, қолжазбаны редакциялау.

**Ә.Д. Қасенова:** талдау және жүйелеу, қолжазбаны редакциялау.

**Т.Б. Мамиров:** талдау және жүйелеу, қолжазбаны жазу және редакциялау, визуализация.

#### Авторский вклад

**А. Онгарулы:** концептуализация, администрирование, редактирование рукописи.

**А.Д. Касенова:** аналитика и систематизация, редактирование рукописи.

**Т.Б. Мамиров:** аналитика и систематизация, написание и редактирование рукописи, визуализация.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов / Disclosure of conflict-of-interest information. The authors claim no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2026.

